

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК
КГКП «Костанайский политехнический высший колледж»
Управления образования акимата Костанайской области**

Рассмотрено на заседании ЦМК

УТВЕРЖДАЮ

Заместитель директора по НМР

Протокол № ____ “ __ ” _____ 20__ г.

“ __ ” _____ 20__ г.

(подпись) (расшифровка подписи)

(подпись) (расшифровка подписи)

КӘСІБИ МОДУЛЬ БОЙЫНША

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

КМ 06 «Нан, нан өнімдерін, баран өнімдерін, кептірілген нандарды, тоқаш және қосылған кондитер өнімдерін пісіру»

ПМ 06 «Выпечка хлеба, хлебобулочных, бараночных, сухарных, пряничных и мучных кондитерских изделий»

модуль атауы/наименование модуля или дисциплины

Мамандық/Специальность 1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі»

1219000 «Хлебопекарное, макаронное и кондитерское производство»

коды және атауы/код и наименование

Қостанай, 2022 ж

МАЗМҰНЫ

Теориялық бөлім	
Кіріспе. Пәннің жалпы сипаттамасы	4
<i>1Бөлім Нан пісіру</i>	
Пісіру кезінде қамыр дайындамасында өтетін процестер. Көтерілу (упек), көтерілуді азайту шаралары.	6
Пісіру кезіндегі нанның дайындығын анықтау.	9
Бидай және қарабидай ұнынан жасалған дөңгелек және қалыптық бұйымдарды пісіру режимдері.	10
Қара бидай қамырын дайындау әдістерін салыстырмалы бағалау.	11
Қазіргі заманғы наубайханалық пештердің технологиялық сипаттамасы.	12
Нан-тоқаш өнімдерінің әртүрлі ассортиментіне арналған тұйық және туннельді пештердің өнімділігін есептеу	14
Ұсақ кесекті нан өнімдерін пісіру.	18
<i>2Бөлім Нан өнімдерін сақтау.</i>	
Дайын бұйымдарды лотоктарға, контейнер сөрелеріне салу ережелері.	20
Органолептикалық көрсеткіштер бойынша бұйымдардың сапасын және массасының дәлдігін бақылау.	20
Кәсіпорында өнімді сақтау шарттары мен мерзімдері.	22
Нан өнімдерін сақтау кезінде болатын процестер. Нан өнімдерінің балғындығын сақтау тәсілдері.	23
<i>3Бөлім Нан өнімдерінің шығуы</i>	
"Нанның шығуы" және "нанның нормасы" туралы түсініктер.	25
Көтерілу (упек) және кептірудің есебі, қамыр дайындамасы массасын есептеу. Нанның нақты шығуын есептеу.	25
<i>4 Бөлім Нан өндірудің технологиялық процесін жоспарлау</i>	
Нан-тоқаш өнімдерін өндіру кезеңдері.	30
Нан-тоқаш өнімдерін өндірудің технологиялық жоспарының көрсеткіштерін есептеу.	31
<i>5 Бөлім Нан сапасын жақсартқыштар.</i>	
Нанды жақсартушылардың рөлі. Жіктелуі. Тотығу-қалпына келтіру әрекетті жақсартқыштар. Беттік белсенді заттар және ферментті препараттар.	33
Тағам қышқылдары. Сүт сарысуы, оның технологиялық және экономикалық тиімділігі. Нан сапасын жақсартушы ретінде модификацияланған крахмал.	36
<i>6Бөлім Нан өнімдерінің ақаулары мен аурулары.</i>	
Өндірістің әртүрлі сатыларында технологиялық тәртіптің бұзылуынан туындаған нан өнімдерінің ақаулары.	39
Нан өнімдерінің аурулары. Алдын алу бойынша шаралар.	42

7 Бөлім Нан және нан өнімдерінің топтық ассортиментінің номенклатурасы және тағамдық құндылығы.	
Нан және нан өнімдерінің топтық ассортиментінің номенклатурасы.	45
Нан-тоқаш өнімдерінің тағамдық құндылығын есептеу әдістемесімен танысу.	46
8 Бөлім Бидай, қарабидай және бидай-қарабидай ұнынан жасалған нан	
Қарабидай ұнынан, бидай және қарабидай қоспаларынан жасалған нан.	47
Бидай ұнынан жасалған нан дайындау	48
Ұлттық нан-тоқаш және диеталық нан-тоқаш өнімдері.	50
Ұлттық нан-тоқаш және диеталық нан-тоқаш өнімдерін жасау	56
9 Бөлім Бөлке және майқоспа бұйымдары	
Нан бөлке өнімдерінің ассортименті. Нан бөлке өнімдерін дайындау технологиясы.	59
Майқоспа өнімдерінің ассортименті. Майқоспа өнімдерін дайындау технологиясы	66
«Выборгтік» майқоспаны пісіру.	67
Жартылай фабрикаттарды дайындау.	74
10 Бөлім Баран және кептірілген бұйымдар	
Баран өнімдерінің ассортименті мен рецептураларының сипаттамасы.	75
Баран және кептірілген өнімдердің стандарттарымен танысу.	77
Қамыр дайындамаларын қалыптау, ашыту, ошпарлау. Пісіру.	80
Баранөнімдерінің сапасына қойылатын талаптар, орау, қаптамалау	82
Кептірілген бұйымдардың классификациясы. Кептірілген бұйымдардың ассортименті мен рецептурасы.	83
Кептірме бұйымдарды қамырды дайындау	85
Баран өнімдерін таңбалау	85
Практикум (практикалық сабақтарды өткізуді қамтамасыз ететін оқу материалдарының жүйесі-ЗЖ, ПЖ)	
Зертханалық жұмыстар	87
Бақылау-диагностикалық блок	101
Тест	101
Әдебиеттер тізімі	142

Теориялық бөлім

Кіріспе.

Нан. Адам баласының күнделікті тұрмысында қолданылатын осы бірауыз сөзде қаншама мән, қаншалықты өміршең күш жасырынған. Ол – өмірдің мәні. Нан – адамзат баласының қолдан жасаған ұлы туындысының бірі. Аптап пен аштықта әрбір дәні гауһарға бергісіз алтын масақтарды өсіре білген диқаншының құнды еңбегінің жемісі. Нан – тамақтың атасы деп атайды, яғни адамның өмір сүруі үшін қажетті өнімнің басы деп таниды. Нан кез келген халықтың сан ғасырлық арманын, бақытты өмірді аңсауын көрсетеді. Бір кездері нанға қол жеткізе алмаған ата-бабаларымыз аштықтан қасірет шегіп, нанның қадірін терең түсінген. Нан жеткілікті болса, «нағыз бақыт сол» деп білген. Күн сайын біз нанды пайдаланамыз. Нансыз аздаған таңғы асыңыз да, дағдылы түскі асыңыз да дәмді емес. Бірде-бір мерекелік дастарханыңыз да нансыз жайылмайды.

Қай дәуірде болмасын нан халықтың саулығының өлшемі болған, болып қала бермек. Ежелгі славян халықтарында ғұрып сақталған: бір нанды бөліп жеген адамдар бүкіл өмір бойы дос болып қалады. Адамзаттың ауыр еңбешінің өнімі – тамақ атасы – нанға көне дәуірлерден бері ерекше қараған. Оны алтынға, күнге, тіпті өмірдің өзіне теңеген. Нанның құрметіне ұрандатқан. Нанмен ең құрметті қонақтарды қарсы алған. Халық нанды тірі жаратылыс секілді құрметтеген: нан – асыраушы, нан – ата. Нанды аңыз-әңгімелерде жырлап, нанға өлеңдер мен романстар да арнаған. Сонымен, нан жер бетінде қалай пайда болды екен? Есте жоқ ескі замандарда, осыдан 15 мыңжылдықтар бұрын біздің ата-бабаларымыз тамақ табу жолында жабайы дәндерге назар аудара бастайды.

Мұндай дәнді өсімдіктер – қазіргі біз білетін қарабидай, бидай, сұлы, арпа, тары болатын 4 қарағанда дәмді болып шығады. Осылайша, 5-6 мың жылдықтар бұрын ежелгі египеттіктер қамырды микроорганизмдердің – ашытатын жасушалар мен сүтқышқылды бактериялар көмегімен қопсыту өнерін игерді. Қамырда спирттік және сүт қышқылды ашытқылар, көміртек диоксиді мен сүт қышқылы пайда болды. Көміртек диоксиді қамырды қопсытып, көлемін ұлғайтып, кеуектілік қасиет береді. Ал спирт пен сүт қышқылы нанның иісі мен дәмін жақсартады. Ашыған қамырдан нан пісіру өнері Грецияға ауысып, одан Исаның дүниеге келуінен 400 жыл бұрын Рим жеріне өтеді. Римде нанға арналған себетке арналған әлем бойынша жалғыз ғана ескерткіш орнатылған. Деректерге сүйенсек, ол б.з.д. I ғасырда өмір сүрген наубайшы Вергилий Эврисакқа арнап тұрғызылған. Ескерткіштің бедерлерінде қамыр ашыту, оны бөліктерге бөліп, пісіріп жатқан көрініс суреттелген. Ежелгі Грецияда нан – жеке ас ретінде танылды. Олимпиада ойындарына қатысушы спортшылар үшін арнайы нан пісіретін болған. Көптеген халықтарда нан – емдік қасиетке ие деп есептеледі: жаңа піскен нанды иіскетіп, тұмауды емдеген, ал асқазан-ішек ауруларын емдеу үшін қатқан нанды пайдаланған. Нанды ырымдап құрмет тұтқан. Ертеректе асты нансыз жеген адам үлкен күнә жасайды деп түсінген. Нанға құрметсіздікпен қарау – адам баласына көрсетілген ең ауыр көргенсіздік деп білген. Көне Русь жерінде нан пісіру – жауапты әрі құрметті кәсіп деп саналды. Тарихқа сүйенсек, нан пісіру кәсібі Мәскеу мемлекетінің құрылуымен тығыз байланысты болған. Нан ісі туралы земстволық жарғы құжаттарында (XVII ғ.) Мәскеудегі нанды пісіріп, сатуға болатын жерлердің тізімі берілген. Айталық, Кремльдің Нан сарайында патшалардың дастарханы үшін нан өнімдерін пісіретін болған. Патриархтар сарайында – көлемі үлкен нандар – басмандар әскери қызметкерлерге арнап пісірілсе, нан пісіретін үйлерде – Мәскеу тұрғындары үшін каравайлар (дөңгелек нан) пісірілетін болған. Нан пісірудің сан ғасырлық технологиясы мен техникасы өзгере қоймады: «қапқара» болып жағылған ыстық пеш, ұнға арналған қораптар, қамырдың ашытқылары, қамырды толықсыту үшін ағаш тостағандар, нанды пешке салу және алуға арналған қалақтар. XIX ғасырда ең алғашқы нан пісіру кәсіпорындары пайда болды.

Негізгі және қосымша шикізатты сақтаудың барынша прогрессивті тәсілдері ендірілген. Көптеген нан зауыттарында ұн, ашыған еріткіді, тұз және басқа да шикізаттарды ыдыссыз сақтау қоймаларымен жабдықталған. Алайда нан зауыттарында данасы аз өнімдер

үшін қамырды бөлу, дайындалған қамырды арнайы шкафтар мен пештерге, арнайы науаларға орналастыру мен дайын өнімді контейнерлер мен шағын вагондарға транспорттау барысында қол еңбегі де пайдаланады.

Қазіргі таңда нан өнімдерінің 60%-ы кешенді-механизацияланған желілерде дайындалады. Бір адам 1...3 желіде жұмыс жасай алады. Соңғы жылдары көпшілік нан зауыттары мен наубайханалар акционерлік кәсіпорындарға айналып, жекеменшікке өткен. Нан зауыттарында қамыр дайындаудың дәстүрлі тәсілдерімен (ашыған, ашымаған, қою және сұйық ұйытқылар пайдаланып) бірге, барынша жетілдірілген (ашыту ұзақтығын қысқартып, жақсартқыштар мен тағамдық қоспаларды пайдаланып) тәсілдер де қолданылады.

Нан пісіру өндірісінің сапасын жақсарту мен кәсіпорындардың тиімділігін арттыру жолындағы басты бағыт – қамырды дайындаудың жаңашыл технологияларын ендіру, диеталық, емдік және балаларға арналған өнімдердің сұрыпталымын кеңейту. Осы өнімдерді дайындау үшін кебек араласқан, тазартылмаған және ұсақталған дәндері бар ұн қоспалары, күнбағыс, күнжіт дәндері, дәрумендік-минералдық компоненттер, биологиялық белсенді қоспалар т.б. қолданылады.

Жаңа піскен нанның сапасын ұзақ уақыт сақтау үшін оның қаптамасына да айрықша назар аударылады. Бұл үшін әртүрлі қаптау материалдары пайдаланылады. Дастархан үстіндегі нан – ертеңгі күнге деген сенімділіктің белгісі. Нан – мемлекет тарихынан да маңызды құндылық, ол – ұлт байлығының өлшеуіші, адамзат баласының өткені, бүгіні мен болашағының кепілі.

1Бөлім. Нан пісіру

Пісіру кезінде қамыр дайындамасында өтетін процестер. Көтерілу (упек), көтерілуді азайту шаралары.

Пісіру – толықсытылған қамыр дайындамаларын дайын нан өнімдеріне айналдыру үдерісі. Нан құрылымдары әртүрлі нан пісіру пештерінде пісіріледі. Пісіру барысында жылудың әсерімен қамырды дайын нанға айналдыратын әртүрлі әрекеттер жүзеге асырылады: қамырдың қызуы, қамыр мен нанның әртүрлі қабаттарының ылғалдылығы мен температурасының өзгеруі, қатпары мен жұмсақ бөлігінің қалыптасуы, дәм үстейтін және хош иістендіретін заттардың жинақталуы, масса көлемінің ұлғаюы мен кішіреюі.

Қамырды дайын өніміне айналдыратын барлық өзгерістер мен үдерістер қамыр дайындамаларын пісіру барысында қыздыру және оның үстіңгі бетін ылғалдандыру нәтижесінде жүзеге асады.

Қамыр дайындамаларын қыздыру нан пісіретін пештердің пісіру камераларының 180...300°C буауалы орта температурасында жүзеге асады. 1 кг нанды пісіру үшін теориялық тұрғыдан алғанда шамамен 300...550 кДж (70...130 ккал) жылу қажет. Жылудың көп бөлігі қамырға тарайды, содан кейін пісіру барысында нанға пеш пісіру камерасының әбден қызған қабырғалары мен күмбезшелері арқылы тарайды (80...85%). Ал аз бөлігі ыстық оттық пен қозғалмалы ағындар арқылы пісіру камерасындағы буауалы қоспасына тарайды (20...15%). Бұл жылу қамыр дайындамаларын 180°C, қыртысын 96...97 °C температураға дейін қыздырып, нанның жұмсақ бөлігінен ылғалды жоюға шығындалады. Қамыр дайындамалары ақырындап қызады, сондықтан нанның пісірілуіне қатысты барлық үдерістер мен әрекеттер оның бүкіл массасында бір мезетте жүзеге аспайды. Кересінше, алдымен сыртқы қабатын, содан кейін ішкі қабаттарын ақырындап қыздырады. Қамыр дайындамалары жылдам қыздыру, соған сәйкес, пісіру ұзақтығы пісіру камерасының буауалы ортасының температурасы мен ылғалдылығына, қамыр дайындамаларының массасы мен формасына, қамыр дайындамаларын пешке орналастыру тығыздығына, қамырдың консистенциясы мен пісіру тәсіліне тікелей байланысты. Пісіру камерасында (артқы жағында) температураның жоғарылауы кезінде қамыр дайындамалары қызып, пісіру ұзақтығы қысқарады. Массасы үлкен және қалыңдығы жуан қамыр дайындамалары жіңішке әрі массасы жеңіл дайындамаларға қарағанда баяу қызады. Егер қамыр дайындамалары тығыз, ылғалдылығы төмен болса, оның қызуы баяулайды. Қамыр дайындамаларын пештің оттық астына тығыз орналастырса да, нан өнімінің пісуі баяулайды.

Қатты қыртысының пайда болуы – қамыр дайындамаларының сыртқы қабаттары сусызданғанда, яғни ылғалдылығы жоғалғанда жүзеге асады. Пісіп бастағаннан кейін 6...8 сағат өткен соң, яғни дайындаманың көлемі максималды деңгейге көтерілгенде, өнімнің қыртысы пайда болып, қамырдың көлемінің ұлғаю үдерісі тоқтайды. Пісіру барысында қамыр дайындамаларының әртүрлі қабаттарындағы ылғалдылық пен температура көрсеткіштері де әртүрлі болады. Ең алдымен нанның үстіңгі қабаты қызады. Оның температурасы 100°C-қа жеткенде, ылғалдылығы жойылып, 110...112°C температурада ол құрғақ жұқа қыртысқа айналып, біртіндеп қалыңдай түседі. Қыртыстың ылғалдылығы жойылғанда, оның бір бөлігі қоршаған ортаға тарайды, ал екінші бөлігі жұмсақ бөлігіне тарайды. Себебі ылғал ең қатты қызған бөлігінен (қыртыстың) аз қызған бөлігіне (жұмсақ бөлігі) ауысады. Қыртысынан тараған ылғалдың нәтижесінде нанның жұмсақ бөлігінің ылғалдылығы 1,5...2,5%-ға жоғарылайды. Ал пісердің алдында оның ылғалдылығы азаяды, яғни 5...7%-ға төмендейді. Демек нанның қыртысы түгелімен құрғайды. Пісер алдында нанның қыртысының температурасы 160...180°C құрайды. Айта кететін жайт – нанның қыртысы аталған температурадан жоғары қыза алмайды. Себебі оның бойындағы жылу ылғалды құрғатуға шығындалып, алынған будың қызуы нанның жұмсақ бөлігіне тарайды. Қамыр дайындамаларын қатты қыздыру нәтижесінде нанның қыртысының пайда болуына крахмал мен ақуыздық заттар қатысады. Олар қамырды қыздырған кезде өзгеріске түседі. Пісірудің алғашы екі минутында будың конденсациясы

нәтижесінде дайындаманың үстіңгі қабатындағы крахмал клейстер түзіп, жартылай ерітілетін крахмал мен декстринге тарайды. Олардың сұйық массасы нанның үстіңгі бетіндегі тесіктерді бітеп, құрғағаннан кейін қыртысқа жылтыр мен жалтырлық береді. Нан өнімінің үстіңгі қабатындағы ақуыздық заттардың денатурациясы 70...90°C температурада жүзеге асады. Ақуыздардың денатурациясы үстіңгі қабатының құрғатып қоймай, жылтыр емес тығыз қыртыстың пайда болуына септігін тигізеді. Қыртыстың түсінің өзгеруі қамыр құрамындағы қанттың кара- меллизациясына, сондай-ақ аминқышқылдары мен қант арасындағы реакцияға байланысты. Бұл жағдайда қоңыр түсті карамель, хош иістендіргіш және қоңыр түске бояйтын заттар (меланоидтер) түзіледі. Қыртыстың түсінің өзгеруі қамырдың құрамындағы қант мен аминқышқылдарының мөлшеріне, пісіру камерасындағы температураға және пісіру ұзақтығына байланысты. Қыртыстың түсі қалыпты қоңыр түске енуі үшін піскен кезде қамырдың құрамында ұнның массасының 2...3% мөлшерінде қант болуы керек. Ыстық нанның құрамында 70-тен астам әртүрлі хош иістендіргіш заттар болады – альдегидтер, кетондар, күрделі эфирлер, органикалық қышқылдар, спирттер. Хлш иістендіргіш заттар қыртысынан жұмсақ бөлікке өтіп, нанның дәмін жақсартады. Қыртыстың пайда болуының жылдамдығы қамыр дайындамаларының үстіңгі қабатының ылғалдылығына, сондай-ақ пісіру камерасының буауалы ортасының температурасы мен ылғалдылығына байланысты. Пісіру камерасының буауалы ортасының ылғалдылығы жоғары, ал температурасы төмен болған сайын нан өнімінің қыртысы да баяу пайда болады. Демек, дайны нан өнімінің көлемі де ұлғайып кетеді. Нан өнімінің жұмсақ бөлігінің пайда болуында крахмал мен ақуыздық заттардың өзгеруімен байланысты коллоидті үдерістердің ролі ерекше. Осы заттардың нанның қамырында өзгеруі бір мезетте жүзеге асады. Крахмал дәндері 55...60°C және одан жоғары температурада клейстер түзеді. Крахмал дәндерінде жарықтар пайда болады. Жарықтарға ылғал сіңіп, нәтижесінде нан өнімінің көлемі ұлғаяды. Клейстер түзілгенде, крахмал қамырдан түзілген ылғалды да, ақуыздар түзетін ылғалды да сіңіріп алады.

Қамырдың құрамында ерікті ылғал қалмайды, нанның жұмсақ бөлігі құрғап, қолға жабыспайтын болады. Крахмалдың толыққанды клейстер түзуі үшін қамырдың құрамындағы ылғалдан 2-3 есе көп су керек болады. Сондықтан крахмалдың клейстер түзуі баяу өрбиді. Бұл үдеріс нанның жұмсақ бөлігінің ортасындағы температураны 96...98°C-ға дейін қыздырғанда ғана, аяқталады. Қамыр 50...70°C температураға дейін қызғанда, оның құрамындағы ақуыздық заттар ұйысып (денатуратталып), қамырды илеу барысында сіңген ылғалды қайтадан бөліп шығарады. Ұйыған ақуыздар тығыздалып, икемділігі мен созылыққылығынан айрылады. Ұйыған ақуыздық заттар нанның «қаңқасын» жасап, нанның жұмсақ бөлігі мен сыртқы пішінін белгілеп, нанның ұлғаюы тоқтайды.

Нанды пісіру барысында қамыр дайындамаларының құрамында микробиологиялық үдерістер жүзеге асады. Сондай-ақ ашытатын микрофлораның (ашытқы жасушалары мен сүтті-қышқылды бактериялар) өміршеңдігі төмендейді. Пісіру үдерісінің алғашқы минуттарында қамыр дайындамаларының құрамындағы спиртті ашытуды тудыратын ашытқы жасушалары белсендендіріледі (ашыту үдерісі жылдамдап, 35°C температурада барынша жоғары деңгейге дейін жетеді). 45°C-тан жоғары температурада спиртті ашыту үдерісі күрт төмендейді, ал 50...60°C температурала мүлдем тоқтайды. Себебі ашытқы жасушалары өледі. Температуралық оптимумға (термофильді емес бактериялар үшін – 35°C және термофильді бактериялар үшін – 48...54°C) байланысты қамыр дайындамаларының қызуына қарай сүтті-қышқылды ашыту үдерісі қарқынды жүзеге асады. Қолайлы температурадан асып кеткенде, қышқыл түзетін бактериялардың өміршеңдігі төмендейді. 50...60°C температурада термофильді емес, ал 80°C температурада – термофильді сүтті-қышқылды бактериялар өледі. Ашытқы жасушалары мен сүтті-қышқылды бактериялардың өмір- шеңдігінің арқасында пісірудің алғашқы минуттарында қамырдың құрамында спирт, көміртек диоксиді мен қышқылдар мөлшері көбейеді. Бұл нанның көлемінің ұлғаюына және дәмінің жақсаруына септігін тигізеді. Пісіру барысында жүзеге асатын негізгі биохимиялық үдерістерге крахмалдың амилолитті

ферменттердің әсерімен гидролизденуі және ақуыздардың протеолитті ферменттердің гидролизденуі жатады. Крахмалдың гидролизденуіне септігін тигізетін ферменттердің белсенділігі пісірілетін қамырдың әрбір қатпарында алғашқыда максимумға дейін көбейеді, содан кейін нөлге дейін төмендейді. Себебі ақуыздық зат болып табылатын ферменттер қызғанк езде ұйысып қалады. Ең маңызды жайт – амилаза мен протеиназаның белсенділік дәрежесінің қамыр дайындамалары қызған кезде өзгеріске түсуі: қамыр дайындамаларының құрамындағы р-амилаза 82...84°C температурада инактивацияланады, ал а-амилаза 97...98°C температурада, яғни дайын болған нан өнімінің құрамында өзінің белсенділігін сақтап қалады. Егер қамыр құрамында а-амилаза мөлшері көп болса, ол крахмалдың көп бөлігін декстринге айналдырады. Декстриндер нанның жұмсақ бөлігін нашарлатып, оның қолға жабысқақ және толыққанды піспеген етеді. Нанды пісіру барысында ақуыздар гидролизденіп, нәтижесінде қамырдың ақуыздықпротеиназды кешені өзгереді. Ақуыздық заттардың шабуылдау қабілеті жоғарылап, протеолитті ферменттер 80...85°C температурада инактивацияланады. Пісуі барысында піскен нанның көлемі қамыр дайындамаларының пешке салар алдындағы көлемінен 10...30%-ға ұлғаяды. Пісу үдерісінің алғашқы минуттарында спиртті ашу мен этил спиртті және көміртек диоксидінің түзілуінің, спирттің 79°C температурада буға айналуы, сондай-ақ қамыр дайындамаларының құрамындағы спирт пен газ буларының жыллулық кеңеюі нәтижесінде нанның көлемі ұлғаяды. Қамыр дайындамаларының көлемінің ұлғаюы нанның сыртқы пішінін жақсартып, нанның кеуектілігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етіп, нанның ағзада жақсы сіңу дәрежесін жоғарылатады. Қамыр дайындамаларының көлемінің ұлғаюы өзгермелі жылдамдықта жүзеге асады. Оған қамырдың пешке салар алдындағы қалпы, дайындамаларды пештің оттық астына орналастырылу тәсілі, пісірудің температуралық тәртібі және пештің ішіндегі бу тікелей әсер етеді. Қамыр дайындамаларын пештің оттық астына төгіліп, орналастырылса дайындаманың көлемінің ұлғаю үдерісі баяулайды. Себебі қамырдың төменгі қатпарлары тығыздалып, газдың бір бөлігі жойылады. Пеш камерасының бірінші қабатындағы оттық астығының тем- пературасы жоғары (шамамен 200°C) болған сайын, жоғарыға талпынған спирт пен көміртек диоксидінің бу түзуі де қарқынды жүзеге асады, қамыр дайындамаларының көлемі ұлғаяды. Қамыр дайындамаларын пештің салқын оттық астына орналастырғанда, қамыр жайылып, көлемі азайып кетеді. Пеш камерасының бірінші қабатының ылғалдылығы жақсы болса, нанның қыртыс түзуі мен баяулап, нанның көлемі ұлғаяды. Көлемнің ұлғаюы нанның үстінгі қабатының температурасы 100...110°C-қа жеткенде, тоқтайды. Себебі бұл температурада нанның қыртысы пайда болады. Пісіру барысында дайын нан өнімінің массасы азаяды (кемиді). Нан мөлшерінің кемуі – қамыр дайындамаларының массасының пісіру барысында азаюы (пештің оттық астына салар алдындағы қамыр дайындамаларының массасы мен піскен ыстық нан өнімінің массасы арасындағы айырмашылық). Оны дайындаманың массасына шаққанда мына пайыздық көрсеткішпен белгілеуге болады:

$$M_{\text{кемуі}} = 100 (M_{\text{қд}} - M_{\text{ын}}) / M_{\text{қд}},$$

мұндағы $M_{\text{қд}}$ және $M_{\text{ын}}$ – қамыр дайындамалары мен ыстық нанның массасы, кг. Нан мөлшерінің кемуінің (95%) басты себебі –қыртысы пайда болғанда, нанның құрамындағы ылғалдың буланып, жоғалуы. Нанның кему мөлшеріне қамыр дайындамаларының құрамындағы спирттің, көміртек диоксидінің, ұшпа қышқылдардың жойылуы, сондай-ақ қыртыстың құрғақ заттарының пісу кезінде күйіп кетуі әсер етеді.

Кему – нан өндірісі үдерісіндегі шикізаттың (қамырдың массасының 6...12% құрайтын) жоғары дәрежеде технологиялық шығындалуы. Кему үдерісінің төмендеуі мен нанның көлеміне әсер ететін факторларды талдауға ерекше ден қойылады. Себебі нан көлемінің кемуі экономикалық тұрғыдан өндіріс орнына пайда келтіреді. Сондықтан нан мөлшерінің кемуін әрбір пеш ішінде мұқият бақылап, нанның пісу ұзақтығы мен пеш камерасындағы температураны тексеріп отырады. Пештің желілік оттық астындағы нанның кему деңгейін анықтай отырып, қамыр дайындамаларының барлығын пісірер алдында және піскен нан өнімін өлшеп отырады. Бесікшелі-оттық асты пештерінде қамыр дайындамалары

мен бір бесікше ішіндегі ыстық нан өнімін өлшейді. Оның нәтижелерін журналға белгілі бір формаға сай жазып, тіркеп отырады. Мөлшері кеміген нанның массасын өнімнің әрбір бірлігі үшін арнайы формула бойынша есептеп, нанның кемуінің барлық мөлшерін қосып, орташа мәнін шығарады. Әртүрлі пештерге пісірілген, бірақ бір түрдегі нан өнімдерінің кему мөлшері пісіру тәртібі мен пештің құрылысына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Өндіріс орындарында нанның әрбір түрі үшін кемудің белгілі бір мәнін белгілеп қояды. Нанның кемуін сол нормадан төмендетсе, оның қыртысының қалпы нашарлап, қыртыс ағарып, ал кему дәрежесінің жоғарылауы қыртысының жұқалануы мен нан өнімінің аз мөлшерде шығуына әпеке соқтырады. Кему нанның массасына, пішініне, пісіру тәсілі мен басқа да факторларға байланысты. Бір сұрыптағы нан өнімдерін пісіргенде, кеміген нанның массасына пеш камерасының ылғалдану дәрежесі, қамыр дайындамаларының ылғалдылығы, қамыр дайындамаларының пештің оттық астына орналастыру тығыздығына, пештің әртүрлі бөліктеріндегі камераларының температурасына әсер етеді. Нан өнімінің массасы төмен болған сайын, нанның кему дәрежесі жоғары болады. Оған қыртыстардың құрғауы ықпал етеді. Данасы аз нан өнімдерінің қыртыстарының меншікті массасы кейбір салмағы көп нандарға қарағанда жоғары болады. Пештің оттық астында піскен нанның кему дәрежесі пішінді нандарға қарағанда жоғары болады. Себебі пішінді нан үстіңгі қыртысының есебінен ылғалды жоғалтса, пештің оттық астында піскен нанның бүкіл қыртысының есебінен ылғалды жоғалтады. Пеш камерасының буауалы ортасының қатысты ылғалдылығы мен қамыр дайындамаларының үстіңгі қабатының ылғалдылығы жоғары болған сайын, қыртыс та кешірек пайда болып, құрғайды. Демек кеміген нанның массасы төмендейді. Қамыр дайындамаларын орналастыру тығыздығы мен қажетті дәрежеде ылғалдандыру – нанның кему дәрежесін төмендетеді. Ұзақ уақыт пісіру нанның кему дәрежесін көбейтеді. Пештен шығарар алдында піскен нанның үстіңгі қабатын сумен шылау нанның кемуін төмендетіп, қыртысының жылтыр болуына септігін тигізеді.

Бақылау сұрақтар

Пісіру кезінде қамыр дайындамаларында қандай үдерістер жүзеге асады?

Нанның қыртысы мен жұмсақ бөлігі қандай үдерістер нәтижесінде жүзеге асады?

Пісіру кезінде орын алатын микробиологиялық және биохимиялық үдерістер қандай рөл атқарады?

Қамыр дайындамаларының көлемі қандай үдерістердің нәтижесінде ұлғаяды?

Нанның кемуі дегеніміз не және оны қалай анықтайды?

Пісіру кезіндегі нанның дайындығын анықтау

Нанның дайындығын анықтаудың маңызы зор. Кәсіпорындарда нанның дайындығын органолептикалық тәсілмен мынадай белгілеріне қарап анықтайды: қыртысының түсіне – түсі ашық-қоңырдан қоңыр түске дейінгі аралықта болуы керек; жұмсақ бөлігінің күйі – дайын нан өнімінің жұмсақ бөлігі құрғақ және ұлпалы болуы керек. Яғни нанды бөліп, жұмсақ бөлігін саусақпен басып көру керек; қатысымды массасына қарай – жақсы піскен нан өнімінің массасы іші шикі піскен нан өніміне қарағанда, жеңіл болуы керек; дыбысына қарай – жақсы піскен нанның дыбысы – сыңғырлап тұрса, шала піскен нан – қатты болады. Құрғақ нанды ағаштан жасалған шыбықпен тесіп көруге болады. Егер онда жұмсақ бөлігі жабысып шықпаса, демек нан жақсы піскен. Дайын нан өнімінің дайындығын көрсететін шынайы көрсеткіш – оның жұмсақ бөлігінің температурасы. Пісер алдында нанның жұмсақ бөлігінің температурасы 96...97°C болуы керек. Температураны сынабы бар шыныдан жасалған лабораториялық термометрдің көмегімен өлшейді. Ол үшін алдымен термометрді қыртысында алдын ала жасалған тесікке тығып көреді. Тесіктің диаметрі термометрдің диаметрінен үлкен болмауы керек. Термометр алдын ала 5...7°C температураға дейін қыздырылып алынады. Яғни термометрдің температурасы нанның жұмсақ бөлігінің температурасынан төмен болмауы керек. Майқоспалы нан өнімінің жұмсақ бөлігінің температурасы пісер алдында 100...102°C болуы керек. Бұл қамырдың

құрамындағы қанттың концентрациясының жоғары болуына негізделген. Себебі қант ерітінділері жоғары температурада су секілді қайнайды.

Бидай және қара бидай ұнынан жасалған жалпақ қалың және пішінді бұйымдарды пісіру режимдері

Пішінді нан пісіру. Қарабидай ұнынан пішінді нанды ылғалдан- дырылмаған пеш камерасында пісіреді. Қарабидай қамырының ылғалды- лығы жеткілікті, ал қамыр дайындамалары пісу барысында белгілі бір мөлшерде көлемі ұлғаяды. Сондықтан арнайы ылғалдануды қажет етпейді. (Қарабидай ұнынан пішінді нанды ылғалдандырылған ортада пісірген кезде, оның үстіңгі қыртысының күйі нашарлап, рэзіңке тэрізденіп, ұсақ жарықтар пайда болады). Қарабидай ұнынан пішінді нанның пісуін жылдамдату үшін пештің бірінші аймағының температурасы 260...280°С болуы керек. Содан кейін температураны 190...200°С-қа төмендетеді. Қарабидай ұнының қамыры бидай ұнының қамырына қарағанда ұзағырақ піседі. Себебі қарабидай ұнынан піскен нанның жұмсақ бөлігінің кеуектілік деңгейі төмен әйрі ылғал мөлшері аз болады. Қамыр салынғаннан кейін қалыптардың ұрылуын немесе қозғалуына жол бермей керек. Өйткені оның салдарынан қамырдың жұмсақ бөлігінде бостық пайда болады. Ерекше тартылған ұннан пішінді нанды пісіру ұзақтығы – 55...60 минут болуы керек, ал қарабидай-бидай ұнынан массасы 0,83 кг нанды пісіруге – 50...55 минут кетеді, қайнатпалы нан өнімдерін пісіруге – 55...60 минут немесе одан да төмен температура қажет. Әйтпесе, нанның қыртысы қарайып піседі. Пештен шығарар алдында нанның үстіңгі бетін сумен шылаған дұрыс. Бұл қыртыстың үстіңгі бетінің күйін жақсартып, кему мен кеуіп кету қаупін төмендетеді. Толықсыту-пеш агрегаттарына нан қалыптардан автоматты түрде жіберіледі. Бидай ұнынан пішінді нанды аз ғана ылғалданған ортада пеш камерасының бірінші аймағында пісіреді. Массасы 0,7 кг, бірінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген пішінді нанның пісіру ұзақтығы – 40...45 минут, ал массасы 0,88 кг, екінші сұрыпты бидай ұнынан пісірілген пішінді ұнның пісіру ұзақтығы – 45...60 минут.

Жалпақ қалың нанның пісірілуі. Жалпақ қалың нанды пісіру барысында толықсытылған қамыр дайындамалары пештің оттық астына қолмен қойылады немесе арнайы орналастыратын қондырғының көмегімен орналастырылады.

Екі жағдайда да қамыр дайындамаларын аударады, себебі дайын- даманың төменгі жағы – жылтыр әрі ылғалды болып, нанның қыртысының күйін жақсарған болуына септігін тигізеді. Дайындамаларды үздіксіз реттеп, үстіңгі бетін сумен шылап, нанның түріне байланысты ағаш түйреуіштермен тесіп немесе тіліп отырады. Нанның үстіңгі бетін тесіп немесе тіліп отыру дайын нан өнімін сыртқы түріне қарап ажыратуға және қыртысының күйін жақсартуға септігін тигізеді. Қамыр дайындамаларын пісіру кезінде пайда болатын газдар мен булар осы тесіктер мен тіліктер арасынан оп-оңай шығып нанның қыртысын бүлдірмейді. Егер қамыр жеткілікті деңгейде толықсымаса, тіліктерді тереңірек етіп жасайды. Себебі пісірген кезде мұндай қамырлар газды көбірек түзеді. Қарабидай ұнынан және қарабидай-бидай ұнының қоспасынан жалпақ қалың нанды пісіру үшін қамыр дайындамаларын қуырып алу керек. Қуыру пісірудің бастапқы кезеңінде 300...350°С температурада 3...5 минут жүзеге асады. Қуырған кезде қамыр дайындамаларының үстіңгі бетінде жұп-жұқа жылтыр пленка түзіліп, газ бен хош иістендіргіш заттардың түзілуін тежейді. Қуыру нанның пішінін, үстіңгі бетінің күйін, дәмі мен хош иісін жақсартады. Жалпақ қалың нанды пісіру кезінде пеш камерасының бірінші аймағында жоғары ылғалды орта түзіледі (будың арқасында), температурасы 120...150°С-ке жетеді. Пештің оттық асты 180...200°С-қа дейін қызуы керек. Жақсы қызбаған оттық астында піскен жалпақ қалың нанның түбінде жарықтар пайда болып, көлемі төмендейді. Пісірудің екінші аймағында температураны 270...290°С-қа жоғарылатып, содан кейін 200...180°С-қа төмендетеді. Массасы 0,83 кг, қарабидай-бидай ұнынан жалпақ қалың нанды пісіру ұзақтығы – 40...50 минут, ал екінші сұрыпты ұннан – 45...48 минут, бірінші сұрыпты ұннан – 35...40 минут пісіреді.

Бақылау сұрақтары

1. Пішінді және жалпақ қалың нанды пісірудің ерекшеліктері қандай?
2. Қамыр дайындамаларының үстіне тіліктер жасаудың маңызы неде?

Қарабидай қамырын дайындау әдістерін салыстырмалы бағалау

Қарабидай ұнының ассортиментінде қарапайым және жақсартылған сұрыптар болады. Бұл сұрыптар қарабидай ұнынан немесе қарабидай және бидай ұнының қоспасынан жасалады. Қарабидай ұнының наны бидай ұнының нанынан рецептурасы мен қамырды дайындау тәсіліне қарай ажыратылады. Нан пісіруге икемділік қасиетіне қарай қарабидай ұны бидай ұнынан өзгеше болып келеді.

Қарабидай ұнында амилолитті ферменттер, а және р-амилазалар бар. Олар нанның пісуі кезінде қамырдың құрамындағы крахмалға әсер етіп, нанның жұмсақ бөлігіне жабысқақтық пен піспей қалған сияқты белгі беретін декстриндерді ыдыратып тастайды. Қарабидай ұнының ақуыздары суда көпсіген кезде ұлпалық туындатпайды. Бұны қарабидай ұнының қамырының газ сақтаушы қабілетінің жоғары екендігімен түсіндіруге болады. Сондай-ақ қамырды илегенде ақуыздардың бір бөлігі ерітінді күйге түседі, яғни ешкіз көпсіп кетеді. Сондықтан қарабидай ұнының қамырында суда ерігіш заттар мен еркін ылғал көп болады.

Крахмалға әсер ететін амилолитті ферменттердің белсенділігін төмендетіп, ақуыздардың ерітінді күйіне түсіп кетуіне жол бермеу үшін қарабидай ұнының қышқылдығын 10...12 градқа едйін жоғарылатады. Қарабидай ұнының жоғары дәрежедегі қышқылдығы қарабидай ұнының ақуыздарына әсер етіп қоймай, оның нан пісіруге икемділік қасиетін жақсартады. Сондай-ақ қамыр құрамында және дайын нан өніміндегі бүлінуді тудыратын микроағзалардың дамуын тежейді.

Жоғары қышқылдыққа қол жеткізу үшін қарабидай ұнының қамырын таза дақылдардан жасалған ұйытқы мен сүтті-қышқылды ашытқылардың көмегімен (арасалмағы 80:1) илейді. Яғни қарабидай қамыры жетілдірілгенде сүтті-қышқылды бактериялар маңызды рөл атқарады. Қарабидай ұйытқысын ашытатын қопсытқыштар ретінде өмір сүруге қолайлы температурасы 30°C-тық *Saccharomyces cerevisiae* ашытқылары мен температурасы 25°C *Saccharomyces minor* ашытқысы қолданылады. *Saccharomyces minor* ашытқысы қысы қышқылдық тұрақтылығымен ерекшеленеді. Ашытқы ұнмен, сумен бірге ұйытқыға еніп, ұйытқы ішінде көбейеді.

Бұл қамырдан «Украинский», «Украинский новый», «Орловский», асханалық, «Славянский», «Дарницкий» т.б. нан түрлері пісіріледі. Айталық, «Украинский» кебекті қарабидай ұны мен ерекше тартылған бидай ұнынан жасалады.

Осы өнімдердегі нанның арасалмағы мына мөлшерде өзгере алады: кебекті қарабидай ұны – 20...80%, ерекше тартылған бидай ұны – 80...20%. Асханалық ұны 50% кебекті қарабидай ұны мен 50% екінші сұрыпты бидай ұнынан дайындалады. Осы сұрыптардың қамырлары қою және сұйық ұйытқыларда дайындалады.

Ұйытқыны дайындау үшін қарабидай ұнын пайдаланады, ал бидай ұнын илеп жатқанда қосады. Қарабидай ұнында ұйытқыда көбеюі тиісті ашытқылар мен сүтті-қышқылды бактерияларға қажетті суда ерігіш заттар көбірек болады.

Қамырды илегенде бидай ұнын қосқанда ұлпалықтың физикалық қасиеттері жақсы сақталады. Рецептурадағы тұз, құмшекер, бидай ұны мен басқа да шикізаттар қамырды илеу барысында біртіндеп қосылып отырады. Рецептурасында 50% не одан да көп мөлшерде ұн бар нанның (мәселен, асханалық, жаңа «Украинский» т.б.) қамыры әдетте, қамыр ашытқы арқылы дайындалады. Олар бұрын дайындалып қойған қамыр ашытқының белгілі бір порциясын, ашытқы мен 50% ұнды араластыра отырып, бидай ұнынан жасалады. Бұндай қамыр ашытқы 3...3,5 сағат ішінде ашиды, ең ақырғы қышқылдығы – 9 градқа жетеді. Қарабидай ұны мен басқа да шикізаттар қамырды илеу кезінде біртіндеп қосылады. Қамыр 1 сағат ішінде қышқылдығы 8 градқа жеткенше, ашиды.

Бақылау сұрақтары:

1. Қарабидай ұнының бидай ұнынан айырмашылығы неде?
2. Қарабидай ұйытқыларында қандай микроағзалар болады?
3. Қарабидай ұйытқысын дайындаудың қандай циклдары бар және олардың мәні неде?


Қазіргі заманғы нан пісіру пештері, технологиялық сипаттамасы

Нан пісіру пештерінің құрылымы.

Пештің конструкциясына байланысты стеллаждық, ротациялық, табанды пеш, конвейерлік, тұйық болып бөлінеді.

Ең өнімді тоннель және тұйық пештер, әдетте, ірі нан зауыттарында қолданылады. Бұдан әрі өнімділігі бойынша ротациялық, табанды нан пісіретін және конвекциялық пештерді қоюға болады.

Тұйық наубайхана пештері



Қара бидай және бидай ұнынан нан және нан-тоқаш өнімдерінің кең асортиментін пісіруге арналған.

Пеш жылу оқшаулағышы бар блокты-қаңқалы типті металл конструкцияны білдіреді және жетек білігі мен сору зонды, қамыр дайындамаларын бумен тегістейтін ұқсас конвекциялық пештің секциясынан, бу тарту каналынан және дайын нанның бүріккішінен және керу біліктері бар секциялардан тұрады. Нан пісіру пештің ішкі көлемі бойынша қалыптары бар бесікшелердің жылжуына қарай қамыр дайындамаларын жылыту жүйесіне кіретін жылытатын

арналармен жылыту нәтижесінде жүргізіледі. Пеш нан пісіру кәсіпорындарында орта және үлкен қуатты механикаландырылған немесе автоматтандырылған желілер құрамында қолданылуы мүмкін.

Нан пісіретін қабатты пештер (ярусные)



Қабатты пештер нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді өндіруге арналған, сонымен қатар құс, ет, балық және көкөніс дайындауға қолданылады. Пештің жұмыс камерасы бірнеше деңгейлерден тұрады (қабаттар). Әрбір деңгей (қабат) басқаларға қарамастан жұмыс істейді. Сондай-ақ, әрбір камера үшін жеке температура режимін орнатуға болады, бұл бір мезгілде бірнеше өнім түрлерін пісіруге мүмкіндік береді. Қабатты пештердің ерекшелігі желдеткіштердің болмауы болып табылады, бұл микровибрацияны болдырмауға және сапалы пісіруге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қабатты пештер қоғамдық тамақтану

кәсіпорындарында, мейрамханаларда, кондитерлік цехтарда, шағын наубайханаларда сұранысқа ие және т.б. үлкен алаң қажет етпейтін жағдайда.

Нан пісіретін табанды пештер (подовые)



Табанды пештер нан пісіруге және кондитерлік өнімдерді өндіруге арналған. Олар кафелерде, мейрамханаларда, дүкендерде және өндірістік цехтарда қолданылады.

Пештердің ерекшелігі-қамыр дайындамалары салынған бірнеше қабаттың (поды) болуы. Әрбір қабат қыштан, тастан немесе металдан жасалады және қабатқа арналған температураны жеке реттеу тәуелсіз басқаруы бар ТЭН топтары арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, температура пештің бүкіл кеңістігіне бөлінеді және нан-тоқаш өнімдері біркелкі пісіріледі.

Пештерде бір уақытта түрлі нан-тоқаш өнімдерін пісіруге болады, мысалы, бидай ұнынан жасалған плюшкалар және қара бидай ұнынан жасалған тоқаштар. Бұл тоқаш өнімдерін дайындау процесін кем дегенде 2 есе тездетеді. Кондитерлік өнімдердің әр түрін пісіру уақыты таймердің көмегімен белгіленеді, пісіру процесін үнемі бақылаудың қажеті жоқ.

Конвекциялық пештер



Конвекциялық пеш күрделілігі әр түрлі тағамдарды дайындау үшін қолданылады. Мұндай аспаптарда ет, балық, нан өнімдерін дайындауға болады. Барлық тағамдар өте дәмді, шырынды, қытырлақ қабықпен және керемет дәмді болады. Конвекциялық пештер өз әрекетінің негізгі принципі – конвекция деп аталады. Соңғы термин қыздырылған ауаның біркелкі және мәжбүрлі таралуын білдіреді. Жылыту функциясын арнайы ТЭН-дар немесе газ, біркелкі бөлу – циркуляциялық желдеткіш орындайды. Пештің артқы қабырғасына ағынның тұрақты қозғалысын жасайтын электр жетекті желдеткіш орнатылған. ТЭН-дар қыздырған ауа бүкіл жұмыс кеңістігіне айналады. Конвекция барлық жұмыс камералы кеңістіктің біркелкі қызуына қол жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан кез келген басқа өнім бірдей жылу алады. Сондай-ақ, мәжбүрлі жылыту тағам дайындау циклын шамамен ширек қысқартады.

Тоннельді наубайханалық пештер



Тоннель пештері ағынды режимде нан-тоқаш өнімдерінің кең ассортиментін пісіруге арналған, нан, печенье, тоқаш және тағы басқа өнімдер пісіруге көптеген ірі кәсіпорындар кеңінен қолданылады. Нан немесе кондитерлік өнімдер тікелей транспортерге салынады, транспортердің жылдамдығы мен пісіру температурасы қойылады. Пеш ішінде қозғала отырып, бұйымдарды біртіндеп пісіру жүзеге асырылады, шығуда дайын өнім алынады, оны қаптамалауға немесе сатуға жіберуге болады.

Транспортердің қозғалыс жылдамдығына дайындау режимі байланысты. Сонымен қатар, әртүрлі температуралық режимдерді жасауға болатын автономды аймақтар қарастырылған. Барлық тоннель пештері қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, өйткені процесс бағдарламалық басқарумен бақыланады, адамның қатысуы өндірістік шығындарды үнемдейді. Пештің мұндай түрін, әдетте, ірі кәсіпорындар, нан пісіру комбинаттары қолданады.

Ротациялық нан пісіру пештері



Ротациялық пештер әртүрлі нан-тоқаш өнімдерін пісіруге арналған. Олар өте үлкен размерлі, ішкі кеңістігі пісіру камерасы деп аталатын машиналар. Оған қамыр дайындамалары бар арба салынады, ол кейіннен жылумен өңделеді. Ротациялық пеште ашытқы, ашытқы немесе мұздатылған қамырдан кез келген кондитерлік өнімдерді дайындауға болады. Бір пісіру ротациялық пешке оның өнімділігіне байланысты 1-ден 4 арбаға дейін орналастырылады. Олардың әрқайсысына қамырдың бір түрінен көптеген ұн өнімдерін жүктеуге болады, бұл ретте деңгейлердің (табалардың) саны арба конструкциясымен және нан-тоқаш өнімдерінің өлшемімен ғана анықталады.

Нан пісіру ротациялық пешіндегі ауаның айналымы мен ылғалдылықтың қажетті деңгейін бу генераторлары қамтамасыз етеді. Олардың көмегімен камерадағы температура біркелкі бөлінеді және пісіру барлық жағынан пісіріледі.

Ротациялық пештердің жоғары өнімділігіне осы құрылғылардың іске қосуды бақылау және қашықтықтан басқару жүйелерінің болуына байланысты қол жеткізіледі.

Ротациялық пештер үлкен кәсіпорындарда немесе пісіру үлкен көлемде жүргізілетін нан пісіру цехтарында пайдалануға өте қолайлы. Қазіргі уақытта наубайханалық ротациялық пештерді сату көшбасшылары Муссон Ротор, Ротор Агро модельдік қатарлар пештері, сондай-ақ кему тәртібімен revent және Miwe импорттық наубайханалық ротациялық пештер болып табылады, бағасы 500-700мың, Муссон 600-800мың, Ротор Агро 1,5-3млн. Сом (рублей). Қайта қаржыландыру ставкасын, бағаны, өнімділікті, тұтынылатын энергияны (батыстық өндіріс пештеріндегі жоғары жылу оқшаулағышты ескере отырып), жөндеу құны мен жиілігін, істен шығу мен т.б. істелген жұмыстарды есепке ала отырып, экономикалық тиімділік бойынша наубайханалық пештер: Ротор Агро, Муссон Ротор, Миви, Ревент қатары бойынша орналасады. Екінші нарықтағы (вторичный рынок, бу – бывшие употреблении) Миви мен Ревент және басқа да Батыс өндірісінің пештерінің көп мөлшері немен түсіндіріледі – олар бұзылған нан зауыттарын жою кезінде үздіксіз келіп түседі.

Энергия тасымалдаушы бойынша нан пісіру пештерінің түрлері

Пайдаланылатын энергия тасымалдағыштың түрі бойынша наубайханалық, кондитерлік наубайханалық пештерді электрлік және отындық пештерге бөлуге болады (сұйық және газ тәрізді отынмен жұмыс істей алады).

Нан пісіретін электр пеші

Электр наубайханалық пештер газ жүргізуге және газбен жабдықтау жобасына жұмсалатын шығындар барлық наубайхана рентабельді емес, сондай-ақ арзан электр энергиясы бар аймақтарда және ірі қалалардағы үй-жайларды үнемдеу кезінде пайдалануға ыңғайлы және ең тиімді.

Нан пісіретін газ пеші

Газ пісіру пештері үй – жайда өткізілген газ және жоба болған кезде ірі өндірістер үшін аса тиімді – бұл жағдайда Жұмыс ауысымына және пеш түріне қарамастан ең тиімді нан пісіру пештері-тіпті ротациялық газ пештері, егер газ жүргізуге және жобаға бастапқы шығындар болмаса, егер бос алаңдар электр рентабельді болса 7-8% және электр және газ пеші арасындағы құны 15% кем болған кезде өзін-өзі ақтайтын кезең электр қуатына қарағанда аз болады. Бірақ егер газ арзан болса ғана.

Пешке пісіруге дизель

Дизельді нан пісіру пештері әскерде және газбен жабдықталмаған, бірақ отынмен жабдықталған жерлерде тиімді. Бұл мұнайшылардың вахталық кенттері және алыс ауыл қоныстары болуы мүмкін. Тиімді, дизель қозғалтқышы ретінде сенімді, істен шығудың үлкен мерзімі бар.

Ағаш отынмен наубайханалық нан пісіретін пеш

Ағаш отынмен нан пісіретін пештің келесі бәсекелестік артықшылықтары болуы мүмкін: Ағаш отынмен нан пісіретін пештерде нанды түтін иісімен оңай шығаруға болады. Экологиялық табиғи көзі бар табиғи түтін генераторы әдеттегі қара бидай нанын деликатеспен жасай алады, оны басқа баға санатына шығара алады. Алыстағы аудандарда ағаш отынмен нан пісіру пештері өте қажет. Оның ішінде әскерде. Ал егер нан пісіретін пеш арнайы газды орындаумен жасалса және отыннан жұмыс істейтін газ генератормен жабдықталса-ол тағы да энергетикалық, жөндеу жоспарында және түтіннің бөлігін хош иістендіруге жіберген кезде дәмді болады.

Жинақ: нан пісіретін пеш-газ генераторы, армиялық нан пісіретін пештер мен ТЖМ типті қызметтер үшін ең жақсы таңдау. Олардың ауқымды табиғи және техногендік апаттар жағдайында резервте болуы қажет.

Нан-тоқаш өнімдерінің әртүрлі ассортиментіне арналған тұйық және туннельді пештердің өнімділігін есептеу

Тұйық пештің өнімділігі

$$P_t = n m n_1 / \tau,$$

мұндағы n -пештегі жұмыс бесікшелерінің саны; m – дайындаманың массасы; n_1 -есікшедегі қамыр дайындамасының саны; τ – пісіру ұзақтығы.

Пеш бесікшесіндегі өнімдердің (қамыр дайындамаларының) саны

$$n_1 = n_2 n_3$$


мұнда n_2, n_3 -бесікшенің ені мен ұзындығы бойынша қамыр дайындамаларының саны.

Қамыр дайындамаларын пештің бесікшесінде көлденең орналастырғанда (сурет.3.20, а)

$$n_2 = (B-a) / (l+a)$$

$$n_3 = (L-a) / (b+a)$$

мұнда B, L – бесікшенің ені мен ұзындығы, м; a – өнімдер мен өнімдер мен бесікшенің шегі арасындағы саңылау, м; l, b – өнімнің ұзындығы мен ені, м.



Сурет. 3.20 Пеште қамыр дайындамаларын орналастыру схемасы:
а - көлденең; б - бойлық

n_2, n_3 шамалары бүтін мәнге дейін аз жаққа дөңгелектенеді. Қамыр дайындамаларын пештің бесікшесінде бойлық орналастыру кезінде (сурет.3.22, б)

$$n_2 = (B-a) / (b+a)$$

$$n_3 = (L-a) / (l+a)$$

Өнімдер үшін, жабыспауы тиіс. $A = 20...40$ мм, шеттері жабысатын өнімдер үшін (листті сайка). $A = 5... 10$ мм.

Егер өнімдер листтерде пісірілсе, олардың өлшемдері бесікше өлшемдерімен байланыстыру қажет. Мысалы, ФТЛ-2 пешінің бесікшесіне көлемі 620x340 мм үш лист салынады.

Қалыптық нанды пісіру кезінде қалыптардың саны мен мөлшерін пеш бесікшесінің өлшемімен байланыстыру керек. Пештің өнімділігін есептеуге арналған мәліметтерді (бесікшек өлшемі, олардың пештегі саны, өнімдердің өлшемдері, пісіру ұзақтығы және т.б.) анықтамалық әдебиеттен алады.

Таспа астындағы туннель пешінің өнімділігі

$$P_{пл} = Ff / \tau$$

мұнда F – подтың жұмыс ауданы, м², f — өнімдердің ассортиментіне байланысты пеш подының 1 м² үлестік жүктемесі, кг.

Пеш подының меншікті жүктемесі

$$f = \text{ппм},$$

мұнда пп -1 м² подқа арналған өнімдер саны;

Қазіргі уақытта қолданылатын нан пісіру пештерінің жылу есебінің әдістемесі А. С. Гинзбург, И. И. Маклюков, В. И. Маклюков, А. Г. Лисовенко және басқа да зерттеушілер алған пісіру процесінің заңдылықтарын зерттеу нәтижелеріне негізделген.

Конструкциясына қарамастан пештің жылу сипаттамасы жылу балансымен анықталады:

$$Q_{п} = Q_{п.п} + Q_{пот}$$

мұнда $Q_{п-пешке}$ түсетін жылу саны; $Q_{п. П-пешпен}$ пайдалы пайдаланылған жылу мөлшері; $Q_{пот}$ – жылу шығындары.

Пісіруге арналған пайдалы энергозатраттар негізінен қамыр – доптың қызуымен, ылғал беру және қабықтың пайда болуымен байланысты.

Пештің пісіру камерасының жылу балансын 1 кг ыстық өнімге (кДж / кг)

$$q_{пк} = q_1 + q_2 + q_3 + q_4 + q_5 + q_6 + q_7 + q_8,$$

Сақтау: Піскен өнімді табақтар мен қалыптардан алу, қорапқа салу, дайын өнімді жаймаларға орналастыру, өнімді сақтау және сауда орындарына жөнелту. Шағын наубайханаларда нан-тоқаш өнімдерін өндірудің басты ерекшелігі – қамырды жылдам ашыту тәсілімен дайындау. Бұл ашыту ұзақтығын қысқартуға және қамырды толықсыту үдерісінде дайындауды жеделдетуге мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1Қуаттылығы аз наубайханаларда нан-тоқаш өнімдерін өндірудің негізгі кезеңдерін атаңыз

2Қуаттылығы аз наубайханаларда нан-тоқаш өнімдерін өндірудің ерекшеліктерін атаңыз

Нан-тоқаш өнімдерін өндірудің технологиялық жоспарының көрсеткіштерін есептеу

ПІСІРУ ӨНДІРІСІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ

Нан пісірудің технологиялық процесі келесі кезеңдерден тұрады: илеу тесттері және басқа жартылай фабрикаттардан тұрады, жартылай фабрикаттардың, жартылай фабрикаттардың ашыту, қамырды белгілі бір массаға бөледі, сынақ бланкілерінің, пісіру, салқындату және сақтау нан өнімдері.

ЗАМ ЖӘНЕ ТЕСТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нанға арналған қамырдың сынағы – бұл өндірістің маңызды технологиялық жұмысы, оның ішінде технологиялық процестің және өнім сапасының одан әрі бағыты көбінесе байланысты. Қамырдан ұннан, судан, ашытқыдан, тұздардан және басқа компоненттерден сыналған кезде, белгілі бір құрылымы мен физикалық қасиеттері бар біртекті масса алынады.

ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АШЫТУ СЫНАҒЫ

Пісірілген өнімге кеуекті және оңай сіңірілген, нан пісіру алдында қамырды босату керек. Бұл дұрыс тестілеудің қажетті шарты.

Көмірқышқыл газының әсерінен қамыр адасып, борпылдақ мажинкамен нан алуға мүмкіндік беретін. Қамырды ашытудың мақсаты – тестілеуді газ өндіруге және құрылымдық механикалық қасиеттеріне сәйкес оны мемлекетке жеткізу, ал пісіруге және пісіруге дайын болу. Сонымен бірге, заттарды сынақтан өткізетін заттардың жинақталуы, дәмді қамырдан алынған нанға тән.

БИДАЙ ҚАМЫРЫН ДАЙЫНДАУ

Тестті дайындау – өндіріс циклінің 70% алатын нан өндірісіндегі ең маңызды және ең ұзақ операция. Тест қабылдаудың белгілі бір әдісін, ең алдымен, өнімнің асортиментін, сондай-ақ басқа да өндірістік мәліметтерді шығарған кезде.

Нанға арналған сынақты сынаудың дәстүрлі әдістерін ажырата білу, жаңа прогрессивті. Дәстүрлі технологиялар жартылай фабрикаттардың ұзақ мерзімді ашытуын қамтамасыз етеді, барлығы 4,5-7 сағат. Прогрессивті (жедел (жедел) технологиялар үшін сынақ циклінің төмендеуі сипатталады. Қазіргі уақытта өнімнің жалпы массасының шамамен 70% -ы прогрессивті технологияға, қарапайым және үнемді дайындалуда.

Нанның белгілі бір түрін шығару процесінде қолданылатын шикізаттың белгілі бір түрлерінің тізімі мен қатынасы рецепт деп аталады.

Ұнды және қосымша шикізатты көрсететін нан өндірісі үшін рецепт және суды қоспағанда, қосымша ұйымдар (менеджмент, Министрлік) негізгі және қосымша шикізаттардың саны әдеттегі болып табылады 100 кг ұнға кг экспресс.

Құрылыммен бірге технологиялық нұсқаулық мақұлданды, бұл нан үшін қамырды және технологиялық режимді дайындау әдісін білдіреді (ашыту ұзақтығы, жартылай фабрикалардың қышқылдығы, өнімнің жайлылық шарттары және т.б.) , көрсетілген құжаттама әр кәсіпорынның нақты өндірістік жағдайларын көрсетпейді: нан пісіретін пештің сыйымдылығы, ұн және доктор

Осы және басқа өндірістік жағдайларды ескере отырып, кәсіпорын зертханасы нан өндірісіне арналған нақты рецепттер болып табылады. Өндірістік рецепт ұн, су, тұз

ерітіндісі және әр жартылай фабрикаттарды илеу үшін қажет басқа компоненттердің массасын (тағамдар, қамыр және т.б.) көрсетеді. Өндіріс рецепті үшін тестке тестке шикізат тұтыну рецепті туралы мәліметтерге қатаң сәйкес келуі керек

Нан мен нан өнімдерінің бірқатар сорттарын, қосымша шикізаттың (жұмыртқа, мейіз, сүт, сүт, сүт, сүт, сүт, құрғақ сүт, көкнәр сүтті) өнімдерін өндіру үшін жасалған жағдайда да қарастырылған. Одан кейін нан өнімдерінің әр түрлі түрлері мен сорттары үшін тестілеу тізіміне және шикізаттың қатынасы мен қатынасы әр түрлі болуы мүмкін деп санайды.

Үздіксіз тізеде, нанға арналған сынақ, өндірісті тұжырымдау сынақ машинасының минуттық жұмысына негізделген, сонымен қатар сынақ машинасының минуттық жұмысына негізделген, сонымен қатар, тесттің бір бөлігіне негізделген (ыдырау).

Екі жағдайда да нан өндіруге арналған тұжырымдаманы есептеу түбегейлі бірдей. Біріншіден, илеу қамырына арналған ұнның жалпы мөлшері есептеледі, содан кейін басқа жартылай фабрикаттарды дайындауға қажет ұн мөлшері (нанға арналған тағамдар, фрискалар және т.б.). Осыдан кейін, диспенсерлердің немесе фистрицалардың рецептіні, содан кейін – қамыр рецепті.

Нан өндірісі үшін тұжырым жасау арқылы шикізаттың (ашытқы, тұз және т.б.) мөлшері сынақтан жасалған ұнның жалпы құрамына есептелгенін есте ұстаған жөн (OPAR, дәнекерлеу) Бұл шикізат қосылады. Сұйық ашытқы, дәнекерлеу және басқа жартылай фабрикаттар дайындау үшін қолданылатын ұн ұнның жалпы массасына қосылады.

Қазіргі уақытта нан өндірісі үшін бидай сынағын дайындаудың екі негізгі әдісі бар. Бұл құмыра (екі фазалы) және бұған (бір фазалы) әдіс.

ҚАЛТАДАҒЫ ҚАМЫРДЫ ПІСІРУ

Тестілеуді дайындаудың бірінші кезеңі – Опараны құрайтын нан өндірісі үшін тестті дайындаудың ең көп таралған динамикалық әдісі. Опара – ұннан, судан және ашытқылдан алынған жартылай фабрикаттардан алынған, илеу және ашыту арқылы алынған жартылай фабрикаттар. Дайын опара тамақ дайындауға толықтай жұмсалды.

Нанға арналған қабаттарды дайындау үшін жалпы дюляция массасының (30-70%), судың көп бөлігін және ашытқының барлық мөлшеріне енеді. 3-5 сағаттан кейін ашыту қамырмен араласады, ол 30-120 минут ішінде қамырмен араласады.

Нан өндірісінің пісіру технологиясы әр түрлі ұнға, оның наубайханаларына, өнімнің рецепттеріне және көптеген басқа факторларға байланысты.

Бидай нанының өндірісінде таза ылғал 41-47%, нан өнімдері – 44-46% болуы керек, бұл 44-46%, бұл осы өнімдер үшін қамырдың әртүрлі нормаларында түсіндіріледі. Әлсіз ұнды қайта өңдеу кезінде, макеттің ылғалдылығы глютеннің релаксациясын кешіктіру үшін азаяды. Егер глютен ұнында қысқа өмір сүрсе, нан орналасуының ылғалдылығы 2-3% артты.

Таратуға дайындалған ашытқының мөлшері (рецепт бойынша) 0,5-4% құрайды. Қамырға арналған ашытқының ең үлкен дозасы – 2-4%, нан сынағы үшін – 0,5-0,7%.

Нан өндіретін қабат температурасы әдетте қамыр температурасынан (28-29 ° C) қарағанда біршама төмен. Мұндай температура ашытқы жасушаларын өсіруге қолайлы.

Опарадағы тұз бен майлар нан өндірісіне қосылмайды, өйткені бұл заттар ашытқыға кері әсерін тигізеді. Орналасудың ылғалдылығы қамырдың ылғалдылығынан 1-3% жоғары, ол ашытқы жасушасында алмасуды жақсартады, ферменттерді белсендіреді және глютеннің ісінуін тездетеді. Ұзақ мерзімді ашыту (3-5 с) \u200b\u200bашытқы мен пісетін өнімдерді жинауға жеткілікті өсіп келеді.

Құбырдағы нан өндірісі үшін қамыр келесі жолдармен дайындалады: сынақтарда дәстүрлі тақтайшада дәстүрлі, құрамында оның жалпы массасынан алынған, оның жалпы массасы бар; Ірі апара сынақтан тұратын жалпы массаның 65-70% -ы бар; Сұйық опара тестте оның жалпы салмағы 27-30% ұзын ұн бар.

Опәрде қамырды дайындаудың дәстүрлі әдісі әртүрлі нан, тоң және нан өнімдерін өндіруде қолданылады.

Опара нан өндірісі үшін 45-50% ұннан, судың көп бөлігін және рецептке сүйенетін ашытқының жалпы мөлшері дайындалған. Қаптау технологиясы ұнның нан-пішініне және басқа себептерге байланысты. Егер ұн әлсіз болса, шаруа кемесінің ылғалдылығы мен температурасын азайтыңыз, нормалармен салыстырғанда, пионердегі ұнның құрамын 60%-ға дейін арттырыңыз. Нан-тоқаш өнімдеріне экструдталған ашытқының мөлшері ұн, ұн, сұйықтық – 20-25% құрайды.

Нан өндірісіне арналған макетті бос баж салған машиналарда, қажетті мөлшерде сумен дайындаған кезде, судың қажетті мөлшері өлшенеді, ашытқы суспензиясы қосылады, қамыр араластырғышын қосып, үздіксіз араластырыңыз, ұн қосылады. Машинада біртекті масса қорғасын алғанға дейін 5-6 минут ішінде біртекті масса қорғасын алғанға дейін қабаттардың раковиналары. .

Ыдыс-аяқ (және қамыр) нанға түскен кезде, қақпақты нанмен жабу керек. Бақыланған Ораге ұнтақталуын болдырмас үшін ұнымен бірге (жағылған) ұнтақталған және 3-5 сағатқа кетеді. Өндірістегі қабаттардың дайындығы органолептиялық және қышқылдықпен анықталады. Жоғары көтерілген опара алкогольдің алкогольдік иісі және біркелкі құрылымдық құрылымға ие, бұл қалыпты глютенді жақтаудың пайда болуын көрсетеді. Ашыматтау аяқталғаннан кейін нан өндірісі үшін опафтардың көлемі 2-2,5 есе, опарадағы әлсіз баспалдақпен жоғарылайды. Адамдардың құлауы ең көп ашытқының пайда болуымен және олардың ең үлкен белсенділігімен сәйкес келеді.

Опарадағы нан өндірісінің қамыры 6-8 минут араласады. Су, тұз, қант, май және басқа да шикізат аяқталған кезде, аяқталған жоспарлауға қосылады, содан кейін массаның ұйықтап кетуімен бірге қосылады. Ұн біртіндеп, бір қабылдауда қосылуы керек. Ұн немесе суды аралас қамырға қосу ұсынылмайды. Бастапқы илеу кезінде глютен ісіп кетті, сондықтан судың жаңа бөлігі нашар сіңеді (қамыр жабысқақ болады). Алынған қамырға ұн қосу тостағанның түбіндегі кедергілер тудыруы мүмкін. Бөлменің өндірісі мен температурасы үшін ұн сапасы тесттің бастапқы температурасына әсер етеді, бұл 29-32 ° C болуы мүмкін. Опэрдтегі қамыр, өнім түріне, ұндың сапасына және басқа да факторларға байланысты 1-2 сағат ішінде қамыр.

Ашыту барысында мен ұннан қамырды және ең жоғары сортты (әсіресе күшті ұн) толтырылуы ұсынылады. Тұмшапеш – ашыту өнімдерін жою және құрылымды жақсарту үшін ашыту кезеңінде 1-2 минут ішінде тестілеуді қайта араластыру. Өндірістегі камин илеу тестінен кейін 50-60 минуттан кейін жасалған.

5 Бөлім Нан сапасын жақсартқыштар.

Нанды жақсартушылардың рөлі. Жіктелуі. Тотығу-қалпына келтіру әрекетті жақсартқыштар. Беттік белсенді заттар және ферментті препараттар.

Жақсартушылар дегеніміз – ұнға немесе қамырға дайын нан өнімінің сапасын жоғарылату мақсатында қосылатын арнайы заттар.

Қазіргі таңда нан пісіру өндірісінде нанның сапасын жақсартушылар ретінде биологиялық және химиялық құрамды әртүрлі заттар қолданылады. Көп жағдайларда қамырдың негізгі компоненттерін (ұн, тұз, құмшекер, майлар, жұмыртқа, сірне т.б.) нанды жақсартушылар ретінде қарауға болады. Айталық, ұлпалығы өте жоғары ұн ұлпалығы әлсіз ұн үшін жақсартушы болып саналады. Тұз әлсіз ұлпалықты нығайтады. Майқоспа заттары (құмшекер, майлар, жұмыртқа) және сірнелер нанның қату үдерісін баяулатады. Нанды жақсартатын арнайы заттар да болады, әдетте, олар біріздендірілген рецептура бойынша дайындамайды. Оларды ұнның сапасына және өндірістің басқа да шарттарына сәйкес қосып отырады. Бұл жақсартушы заттар нан өнімдерінің сапасын жоғарылатып, қамырды дайындау үдерісін жылдамдатып, қамырдың қажетті физикалық қасиеттерін қамтамасыз етіп, нанның қатып қалу үдерісін тежейді.

Құрамы мен қасиеттеріне қарай жақсартушыларды мына топтарға жіктеуге болады: қышқылдандыратын және қайта қалпына келтіретін қасиеттері бар жақсартушылар,

құрамында ферменттері бар жақсартушылар, үстірт-белсенді заттар (ҮБЗ), ұн демдемелері, модификацияланған крахмал, сүттің сарысуы, органикалық қышқылдар т.б.

Қышқылдандыратын жақсартушылар жоғары, бірінші және кей жағдайларда ғана екінші сұрыпты бидай ұндарынан дайындалатын нан өнімдерін пісіру үшін қолданылады. Бұл топтағы жақсартушыларға K_2CO_3 калий броматын, KIO_3 калий йодатын, аскорбин қышқылын (С дәрумені), персульфаттар, кейбір тотықпалар мен басқа да заттарды жатқызуға болады. Қышқылдандырғыштар орташа және әлсіз қуатты бидай ұнын қайтадан өңдеуден өткізгенде мөлшерін реттеп отыру үшін қолданылады.

Ұнның құрамындағы жақсартушылардың мөлшері: калий броматы – 0,001...0,004%, калий йодаты – 0,0004...0,0008%, аммоний персульфаты – 0,01...0,02%, аскорбин қышқылы – 0,005...0,01%. Ұнның қуаты күшті болған сайын, қышқылдандыру мөлшері де төмен болады. Қышқылдандыруға арналған жақсартушы-заттар ұнның ұлпалығын нығайтып, протеолитті ферменттердің белсенділігін төмендетіп, қамырды икемді етіп, көлемін көбейтіп, жұмсақ бөлігінің икемділігі мен иілгіштігін жақсартып, оның түсін ағартады.

Қышқылдандыруға арналған жақсартушы-заттардың мөлшері көп болса, ұнның ұлпалығы нығаяды. Соның нәтижесінде нанның көлемі мен кеуектілігі төмендеп, жұмсақ бөлігі тығыз әрі қатты болып піседі.

Қышқылдандырғыштар әсіресе, нанды жақсартушы басқа заттармен араластырылады. Сол кезде қышқылдандыру әрекетінің тиімділігі арта түседі. Қышқылдандыратын кешенді жақсартушылар сусымалы болса, қамырдың ашу және жетілу барысы жылдамдап, дайын нан өнімдерінің физика-химиялық және органолептикалық көрсеткіштерінің сапасы жақсарады.

Олардың негізгі компоненттері –энзималар, аскорбин қышқылы мен басқа да қышқылдандырғыш заттар, әртүрлі тағамдық эмульгаторлар, кейбір минералды тұздар, уыт, соя ұны, құрғақ ұлпа мен басқа да қоспалар (бидай ұны, крахмал), диеталық және профилактикалық мақсаттарға арналған қоспалар, нан өнімдерін микробиологиялық бүлінуден қорғайтын консервілеуге арналған қоспалар.

Отандық жақсартушылар ішінде нан пісіру қасиетін жақсартатын мынадай кешенді заттарды атауға болады: «Мультэнзим», «Фортуна», «Шанс», «Приз», «Топаз», «Полиمول». Бұл жақсартушылар қамырды дайындау үдерісін жылдамдатып, нан пісіруге икемділік қасиеті төмен немесе орташа нан мен бөлішке өнімдерінің сапасын жақсартады.

Ал шетелдік жақсартушы заттар арасында S-500, S-5000, S-5 «Оматик» (Бельгия),

«Форекс», «Панифарин», «Фарин-экстра», «Классик», «Мастер» (Германия), «Меркурий», «Венера», «Юпитер», «Сатурн» (Англия) және т.б. атауға болады.

Қайта қалпына келтіруге әсер ететін жақсартушылар ұлпалығы мықты немесе үзілгіш, сұрыпты бидай ұнынан дайындалған қамырдың реологиялық қасиетін өзгертеді.

Қалпына келтіруші заттар ұлпалықтың созылықылығын арттырып, оның икемділігін төмендетеді. Нәтижесінде қамыр жылдам жетіліп, нанның сапасы жақсарады. Ал нанның жұмсақ бөлігі иілгіш, қопсытылған болып, көлемді шығымы көбейеді. Бұл топқа цистеин аминқышқылы, натрий тиосульфаты, глютатион, сондай-ақ отандық «Технохим» ҒӨФ дайындайтын жақсартушылар – натрий бензоаты, калий сорбаты, сорбин қышқылы жатады.

Цистеинді қамырдың массасына шаққанда 0,005...0,015% мөлшерде қолдану керек. $Na_2S_2O_3$ натрий тиосульфаты – гипосульфат – ұнның массасының 0,001...0,002% мөлшерін ғана қосады. Егер ұлпалығы аз созылатын ұнның автолитті белсенділігі жоғары болса, натрий тиосульфатын қышқылдандырғыш қасиеті бар жақсартушылармен бірге қолданған дұрыс. Натрий тиосульфатын қамыр ашытқыны дайындау кезінде ашытқылармен бірге қосады.

Қазіргі таңда қайта қалпына келтіретін қасиеті бар жақсартушылар өндіріледі. Олар глютатион (Dorel препараты) негізінде дайындайды. Бұл препараттарды қолдану қамырдың

созылмалығы мен икемділігін арттыруға, сондай-ақ нанның көлемін ұлпаның ақуыздарына әсер етуінің арқасында жоғарылатуға септігін тигізеді.

Құрамында ферменттері бар жақсартушыларға ақ уыт, зен саңырауқұлақтарынан алынатын уытты препараттар мен ферментті препараттар жатады. Ферментті препараттардың функционалды ерекшелігі – қамырды ашыту барысында жүзеге асатын биохимиялық үдерістерді жылдамдатып, оның құрамындағы ферменттерді катализдендіреді.

Ақ уыт – бірінші және екінші сұрыпты бидай ұнынан, ұнның жалпы массасына шаққанда, 0,3...1% мөлшерін құрайтын иленген қарабидай ұнынан пісірілген қамырдың сапасын жақсарту үшін пайдаланылады. Ақ уыттың құрамында амилолитті және басқа да дән ферменттері болады. Уыттың құрамында сондай-ақ, көптеген кебекті бөлшектер көп болады. Сондықтан оны жоғары сұрыпты бидай ұнынан дайындалатын нан өнімдеріне қоспайды.

Әдетте ферменттелмеген (ақ) уыт сұйық ашытқыларды дайындау кезінде демдемелерді қанттан дыру үдерісінде пайдаланады.

Уытты препараттар қолдануға ыңғайлы болып келеді. Олар – уытты сығындыларды қоюландыратын вакуум көмегімен алынған қою тосаптар. Олардың құрамында уыттың барлық құнды заттары – мальтоза, декстриналар, амилолитті ферменттер болады. Уытты препараттарды ұнның массасына шаққанда 1...3% мөлшерінде пайдаланады.

Ақ уыт пен уытты препараттар нанның көлемін ұлғайтып, қыртысының түсін жақсартып, нан өнімдерінің хош иістік және дәм үстеуші қасиеттерін арттырады. Біздің елімізде және шетелдерде микроағзалардан (зеңдер, бактериялар) алынатын әртүрлі ферментті препараттар жиі қолданылады. Микроағзалар сұйық қоректі ортада көбейтіліп, содан кейін жиналып, тазартылады.

Тазартылған ферментті препараттар – түссіз ұнтақтар немесе таблеткалар түрінде болады, құрамында ферменттер (а- және р-амилазалар, мальтаза, декстриндер мен протеолитті ферменттердің аз мөлшері) көп болады.

Біздің елімізде мынадай амилолитті ферментті препараттар қол- данылады: белсенді а-амилазасы бар – амилоризин П10Х, амилосубтилин Г10Х; глюкоамилазасы бар – тазартылған глюкоамилаза. Амилолитті ферменттердің әсерімен қамырдың құрамында қанттың ашытылуы артады. Соның нәтижесінде жартылай фабрикаттардың жетілу үдерісі қарқындалып, декстриндердің мөлшері көбейіп, нанның жаңа піскендей қалпын ұзағырақ сақтауға септігін тигізеді. Ферментті препараттарды қосып дайындалған нан өнімдерінің сыртқы қыртысы сүйкімді қоңыр түсті, жалтыр, жұмсақ бөлігі – иілгіш, дәмі мен хош иісі – жұғымды, кеуектілік қасиеті жақсарған, қатып қалу қасиеті төмендейді. П10Х амилоризин құрамында амилолитті және протеолитті ферменттердің кешені көп болады, оның ішінде а-амилазаның мөлшері көбірек.

Г10Х амилосубтилин құрамында а-амилаза, р-глюканаза және протеаза мөлшері көбірек болады. П10Х амилоризин мен Г10Х амилосубтилин иілгіш, ұлпалығы жеткілікті деңгейде икемді емес, қант түзуші қабілеті төмен әрі қалыпты, ал автолитті белсенділігі 30%-ға дейін жететін ұнға қосылады. Тазартылған глюкоамилаза жоғары дәрежеде қанттан дырылған ферментативті жартылай фабрикаттар мен сұйық ашытқыларды өндіру кезінде қосылады. Гемиллюлазалық белсенділігі жоғары ферментті препараттар бидай ұнының құрамында болатын, ерімейтін жоғары молекулярлы пентозандарға әсер етіп, төменгі моллекулярды пентозандардың мөлшерін азайтып, ұлпалық тірегін нығайта түседі. Протеолитті ферментті препараттар ұлпалығы күшті ұнды қайта өңдеуден өткізгенде қосылады. Олар ақуыздық заттардың бөлшектерге бөлінуін катализдендіріп, қамырдың реологиялық қасиетін жақсартады. Протеолитті ферментті препараттарға Г10Х және Г20Х протосубтилин мен протозим жатады. Протеолитті белсенділігі жоғары ферментті препараттар құрамында белсенді липазалар болады. Олар триацилглицеридтерді майлы қышқылдар мен глицеринді түзе отырып, гидролиздендіреді. Бұл препараттарға 677BG

новозим жатады. Бұл препаратты қосқанда, нанның көлемі ұлғайып, кеуектілік қасиеті, жұмсақ бөлігінің түсі жақсарады. Нан пісіру өндірісінде екі типті мультиэнзимді композициялар (МЭК) қолданылады: екі компонентті МЭК, құрамында П10Х амилоризин мен Г10Х амилосубтилин болады (арасалмағы 100:3); үш компонентті МЭК, құрамында П10Х амилоризин, Г10Х амилосубтилин және Г10Х протосубтилин (арасалмағы 100:2:6) болады. Оларды ұлпалығы қысқа уақыттық үзілмелі ұнды қайта өңдегенде пайдалануға болады.

Үстірт-белсенді заттардың молекулалық құрылымы ерекше болады. Олар бірбіріне қарама-қайшы қасиеті бар екі топтан тұрады. Полярлы тобының гидрофильді қасиеті үнемі суға талпынып отырады, ал полярлы емес топ судан қашып, ерімейтін заттардың бөлшектеріне (май, крахмал т.б.) қарай талпынады. Осылайша, ҮБЗ-дың ерекшелігі – қасиеттерінің екі сатыда үстірт адсорбациялануы, үстіртін керілу қасиетінің төмендігі. Үстіртін керілу күші сұйықтың өзінің үстіңгі бетін барынша қысқартуға талпынуынан көрінеді. Көп жағдайда бұл нан өнімдерін дайындау үдерісін қиындатады. Айталық, май шарларының бір-бірімен етене жабысып қалуға талпынысы эмульсияның қатпарлануына әкеп соқтырады.

ҮБЗ-дың пленкасы суда еріген зат бөлшектерін (мәселен, майды) көмкеріп, жабысып қалудан сақтайды. Сондықтан ҮБЗ сулы-майлы эмульсиялардың тамаша эмульгаторы болып саналады.

Нан пісіру өндірісінде ҮБЗ-дың табиғи және синтетикалық тәсілдерін қолданады. Табиғи ҮБЗ-ға фосфатидтер мен кейбір ақуыздар жатады. Фосфатидтер – фосфор қышқылының қалдық молекулаларының құрамында болатын, негізінен азотпен байланысты май тектес заттар. Оларды әдетте, фосфатидті концентраттар түрінде шығарады. Сондай-ақ, фосфатидтер өсімдік майларын өндіру барысында тауарлық қалдық ретінде алынады. Фосфатидті концентраттар құрамында фосфатидтің кем дегенде 50%-ы болуы керек. Фосфатидтер суда ерімейді, бірақ қыздырылған майда жылдам ери алады. Олардың тағамдық құндылығы өте жоғары болады. Нан пісіру өндірісінде түссіздендірілген фосфотидті концентраттар қолданылады. Әйтпесе, олар нанның жұмсақ бөлігін қарайтып жібереді.

Синтетикалық ҮБЗ – жоғары май қышқыларының моно- және диглицериді, пальмитинді немесе стеаринді қышқылы бар қанттың моно- және диэфирлері т.б. Кең қолданылатын отандық эмульгаторларға Т-1, Т-2, Т-Ф заттары жатады. Эмульгаторлар: Т-1 – май қышқылдары бар глицериннің толық емес әртүрлі эфирлерінің қоспасы; Т-2 – стеаринді қышқылмен этерифицияланған поли-глицерид; Т-Ф – Т-1 эмульгаторының үш бөлігінің фосфатидтердің бір бөлігімен қоспасы. Көпшілік ҮБЗ – ұнтақ тәрізді немесе қатты, ақ немесе сары түсті эмульсия түрінде болады, әрі суда мүлдем ерімейді. ҮБЗ сулы-майлы эмульсияларды дайындау үшін пайдаланады, майлардың (маргарин, фосфатидтері бар пісіруге арналған майлар) құрамына қосып, нанның сапасын ұнның жалпы массасына шаққанда 0,25...1% мөлшерінде жақсарады. Қамырға қосылған ҮБЗ оның құрамындағы майды жақсырақ таратуға септігін тигізеді. ҮБЗ қосылып дайындалған нан өнімдерінің көлемі көп, жұмсақ бөлігінің құрылымы жақсы, икемділігі жоғары болады. Кеуектілігі майдаланып, нанның қыртыстары қалың әрі біртекті болып піседі, ал қату үдерісі 6...10 сағатқа баяулайды.

Бақылау сұрақтары

2. Бидай ұнынан қамыр дайындау барысында қандай жақсартушылар қолданылады?

3. Қышқылдандырушы және қайта қалпына келтіруші қасиеті бар жақсартушылар

қандай жағдайларда қолданылады?

3. Құрамында ферменттері бар жақсартушыларға сипаттама беріңіз

4. Қандай ҮБЗ нан-тоқаш өнімдерін дайындау барысында қолданылады?

Тағам қышқылдары. Сүт сарысуы, оның технологиялық және экономикалық тиімділігі. Нан сапасын жақсартушы ретінде модификацияланған крахмал.

Ұн демдемелерінің құрамында клейстер түзген крахмал болады. Оны сұрыпты, газ түзу қабілеті төмен бидай ұнынан дайындалған нан өнімдерінің сапасын жақсарту үшін пайдаланады. Клейтерленген крахмал амилолитті ферменттерді оңай қанттандырып, қамырдың ашу және жетілу дәрежесін жылдамдатады. Қамырға демдемені қосу нанның құрамындағы қантты 2 есеге жоғарылатып, дәм үлестіретін қасиетін жақсартып, нанның қатуын баяулатады. Демдемені дайындау үшін ұнның бір бөлігіне судың 2/3 мөлшерін қосады. Бидай ұнынан нан өнімдерін дайындау барысында ұнның жалпы массасынан 5%-ы қайнатылса, қарабидай ұны үшін – 15% массасы қайнатылады. Демдеме мынадай жолмен дайындалады: алдымен ұнды температурасы 50...60°C жылы судың аз ғана мөлшерімен араластырады. Араластыруды тоқтатпастан, температурасы 97...98°C суды ақырындап қосады. Демдеменің бастапқы температурасы 63...65°C болуы керек. Технологиясына байланысты демдеме қанттандырылмаған, қанттандырылған және ашытылған болып бөліне алады.

Қанттандырылмаған демдеме дайындалған соң 33...32°C температураға дейін суытылады. Мұндай демдемеде крахмал мальтозаға мүлдем айналмайды. Қанттандырылған демдеме былайша дайындалады: 60...63°C температурада қайнатылған массаға ұнның бір бөлігін, 0,5...1% ферменттелмеген уыт немесе амилоризин қосады. Содан кейін 50...60°C температурада 2...3 сағат қойып, қалыпты жағдайда бірнеше сағат бойы суытылады. Демдемелерді ферменттелген ферменттермен қанттандыру барысында оған 45...50°C температураға дейін қайнатылған массасы қосады. Мұндай демдемелерде крахмалдың аз ғана бөлігі мальтозаға айналады.

Ашытылған демдемелерді ұнның қайнатылған массасына сүтті-қышқылды бактерияларды немесе жетілдірілген қамыр ашытқыны қоса отырып, 2,5...3,5 сағат бойы ашыту арқылы дайындайды. Мұндай демдемеде клейстер түзілген крахмал мен мальтозадан басқа сүтті қышқыл мен әртүрлі хош иістендіргіш заттар болады.

Модификацияланған крахмалдар – қасиеті химиялық немесе жылулық өңдеу салдарынан өзгеріске түскен крахмалдар. Оларды ұнның гидрофильді қасиеттерін арттыру үшін пайдаланады. Модификацияланған крахмалдар қамыр құрамындағы ұлпа ақуыздарының өзгеру үдерісін күшейтіп, құрылымдық-механикалық қасиеті мен нанның сапасын жақсартады. Модификацияланған крахмал қосып дайындалған нанның көлемі үлкен, жұмсақ бөлігі икемді, кеуектілігі майда әрі қыртыстары жұқа болып, жаңа піскендей қасиетін ұзақ уақыт сақтайды. Нанның сапасына қышқылдандырушы крахмалдар ұзақ уақыттық әсер етеді. Қышқылдандырушы крахмалды құрамына қышқылдандырғыш заттарды (калий перманганаты, кальций гипохлориді) қосу арқылы дайындайды. Қышқылдандырушы крахмалдар ұлпалықтың көпсу қасиетін жоғарылатып, нанның көлемдік шығымын арттырып, жұмсақ бөлігінің күйін жақсартып, нанның қатып қалу үдерісін тежейді. Сүттің сарысуы – сүзбе дайындау өндірісіндегі тағамдық қалдық. Оны бидай және қарабидай ұнынан нан өнімдерін дайындау барысында судың орнына (ұнның жалпы массасынан 25% мөлшерінде) пайдаланады. Сарысу кейбір нан өнімдерінің (сүтті сарысу қосылған бөлке-нан, қоюландырылған сүттің сарысуы қосылған батон, «Кировоградская» паляница наны т.б.) рецептурасында негізгі шикізат ретінде қолданылады. Сүттің сарысуы ашыту микрофлорасының қалпын сарысудың ақуыздық заттарының бактериялары мен ашытқыларын араласуы нәтижесінде жақсартады. Сарысуды қамыр ашытқы мен қамырды илеу барысында ұйытқыға қосып, баспаланған ашытқыларды белсендендіру үшін қолданады. Сарысу қосылған қамыр құрғақ әрі иілгіш болып келеді. Жартылай фабрикаттардың ашу ұзақтығы – 50...20 минутқа қысқарады. Сарысу қамырды жылдам тәсілмен дайындау үшін пайдаланылады. Сарысу қосылған нан өнімдерінің дәмі мен иісі жақсы, үстіңгі беті қарқынды түрде қоңырланып, қатып қалу қасиеті баяулайды.

Органикалық қышқылдар (сүтті, сірке, лимон, жүзім тұнбасынан алынған) қамырдың, әсіресе қарабидай ұнынан дайындалған қамырдың қышқылын реттеуші құрал

болып табылады. Қышқылдар ферменттердің белсенділігін төмендетіп, ұлпалықтың физикалық қасиеттерін жақсартып, нанның картоп ауруына ұшырауының алдын алып, қамырдың жетілуін жылдамдатып, нанның сапасын жақсартып, қату үдерісін тежейді. Отандық нан пісіру өндірісінде қышқылдар таза күйінде өте сирек пайдаланылады. Қамырды қышқылдандыру үшін қажетті жағдайларда ұйытқылар, сұйық ашытқылар, ашыған ұйытқылар, жетілген қамырдың бір порциясы мен сүттің сарысуы қолданылады. Сірке қышқылы картоп таяқшаларымен күресу үшін пайдаланылады.

Тағамдық қоспалар – Ресейдің Денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту министрлігі рұқсат еткен химиялық заттар мен табиғи қоспалар. Олар өздігімен тағам немесе тағамның қалыпты компоненті ретінде қолданылмайды. Бірақ өндірудің, сақтаудың транспорттаудың әртүрлі кезеңдерінде технологиялық қасиеттеріне қарай тағамның түрлеріне өндіру үдерісі мен жекелеген операцияларды жеңіл жүргізу үшін; нан өнімдерінің бүлінудің әртүрлі түрлеріне қарсы тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін; нан өнімдерінің сыртқы қалпы мен құрылымын сақтау немесе органолептикалық қасиеттерін жақсарту үшін қосылады. Яғни тағамдық қоспалар нан өнімінің тағамдық құндылығына да, құрамына да әсер етпейді. Тағамдық қоспалар тек өндірістің технологиялық үдерісін жеңілдету үшін пайдаланылады. Ресейлік нан өндірісінде қарабидай ұнынан және қарабидай мен бидай ұнының қоспасынан нан өндіру ісі қарқынды дамыған.

Қарабидай ұнының тағамдық құндылығы оның құрамындағы В тобындағы дәрумендердің, минералды элементтер мен тағамдық талшық- тардың көп мөлшеріне байланысты. Отандық тағамдық қоспалар ішінде қарабидай ұнының сұрыптары үшін «Цитрасол», «Аграм» атты құрғақ ұйытқылар, нанның қайнатпалы сұрыптарын («Бородинский», қарабидай, майда тартылған, уытты т.б.) өндіру үшін ұйытқы түрлері пайдаланылады. Құрғақ ұйытқыларды сұйық ашытқыларды дайындау және сұйық ұйытқыларды жаңарту үшін жиі пайдаланады. Испортты тағамдық қоспалар ішінен көбінесе ұнтақ түріндегі қышқылдандырғыш заттар қолданылады. Бұлар: «Форшрит», P22 (Германия), «Ибис» (Франция), PS2 (Бельгия), «Финароль» (Австрия), ал ұнтақ түріндегі қоспалардан – «ВАЗ» (Австрия), тағамдық өндірістер үшін дәрумендендірілген қоспалардан – «Бета-каротин» (А провитаминоі). Бұл қоспалар табиғи бояулар ретінде қолданылып, нан-тоқаш өнімдерінің сапасын жақсартушылар ретінде жұмсалады. Сондай-ақ осы қоспаларды қолданғанда, нанның көлемі ұлоғаяды, кеуектілігі майдаланады, сарғыш түсті болады. Бета-каротин онкологиялық, жүрек қан тамырлары және ішек-асқазан ауруларының алдын алатын, көздің көру қабілетін жақсартатын, ағзаның жоғары радиацияға шыдамдылығын тұрақтандыратын құрал ретінде қолданылады.

Дайын нан өнімдерінің сапасын арттыратын технологиялық шараларға мыналарды жатқызуға болады:

технооогиялық үдерісті жүргізудің тиімді шарттары;
қамырдың жетілуін жылдамдату үшін қарқынды илеу;
жетілген қамырдың белгілі бір бөлігін дайын нан өнімдерінің дәм үстеуші және хош иістендіргіш қасиеттерін жақсарту үшін пайдалану;
жақсартушылар мен тағамдық қоспаларды қосу;
демемелерді қосу;
жоғары белсенді ферменттері бар және спиртті ашыту үдерісіне ендірілген белсенді ашытқыларды пайдалану.

Бақылау сұрақтары

1. Модификацияланған крахмалдар дегеніміз не және олар нан пісіру өндірісінде қалай қолданылады?
2. Сүттің сарысуы қамырдың микрофлорасына, дайын нан өнімінің сапасына қалай және не үшін әсер етеді?
3. Нан пісіру өндірісінде жартылай фабрикаттарды дайындау барысында органикалық қышқылдарды не мақсатпен пайдаланады?

4. Нан пісіру өндірісінде қолданылатын тағамдық қоспаларға қандай талаптар қойылады?
5. Нанның сапасын жақсартатын технологиялық шараларды атап шығыңыз

6 Бөлім. Нан өнімдерінің ақаулары мен аурулары.

Өндірістің әртүрлі сатыларында технологиялық тәртіптің бұзылуынан туындаған нан өнімдерінің ақаулары

Рецептура мен қамырды дайындау тәртібінің бұзылуынан туындаған нанның құрамындағы ауытқулар. Рецептураның және қамырды дайындау тәртібінің бұзылуы нанның құрамында ауытқуларға әкеп соқтырады. Ұн мен суды қате есептеу немесе нақты емес өлшеп қосу қамырдың ылғалдылығында ауытқуларды тудырады.

Ылғалдылығы жоғары және консистенциясы әлсіз қамырлар қолға жабысқақ келеді. Жалпақ қалың нанның пішіндері жайылып кетсе, пішінді нан өнімдерінің үстіңгі қыртысы – жалпақ болып шығады, ал бөлішке және майқоспалы нан өнімдерінің кесіктері айқын көрінбей, суреттері кедір-бұдырлы болып шығады.

Қамырдың төмен дәрежелі ылғалдылығы оның ашуы мен жетілуін баяулатады. Мұндай қамыр баяу толықсып, суланып піседі. Нанның көлемі жеткілікті пішінде болмай, дөңгеленіп, нығыздалып, жұмсақ бөлігін қолға ұстағанда құрғап, оңай майдаланып, тез қатып қалатын болады. Қамырға ыстық суды шектен тыс қосқанда, нан шикі пісіп, жұмсақ бөлігінде қара дақтар немесе сақиналар пайда болады.

Шикі пісу – жұмсақ нанның кеуектенбенен тығыздалған тілімдері. Әсіресе нанның төменгі қыртысы шикі піседі. Кейде сақина түрінде шикі піскен жерлер болады.

Суық су ашыту үдерісін тежеп, жетілуін баяулатады. Сөйтіп қамыр бөліктерге бөліну мен пісіруге жеткілікті дәрежеде ашытылмай барады. Бұл жағдайда нанның қыртысы қошқыл қоңыр түсті болып, көпіршіктеніп піседі. Мұндай нанның жұмсақ бөлігінің қышқылдығы жеткілікті деңгейде болмайды және қолға жабысқақ келеді.

Ашытқы мөлшерін азайту және олардың сапасының төмендеуі қамырдың ашуы мен толықсыту үдерісін баяулатады. Нәтижесінде нанның көлемі төмендеп, жұмсақ бөлігі тығыздалып кетеді.

Тұздың болмауы немесе оның қалыпты мөлшерінен аз қосылуы нанның жұмсақ бөлігінің қолға жабысқақтығын, қамыр дайындамалары мен дайын нан өнімдерінің жайылып кетуін тудырады. Мұндай нан өнімдерінің үстіңгі бетінің түсі – қошқыл қоңырланады. Жұмсақ бөлігінің кеуектілігі іріленіп, қалыңдап, дәмі шикі піскендей болады.

Тұзды қамыр баяу ашып, толықсиды. Нан өнімдерінің пішіні жабысып, қыртысы – ағарып пісіп, кеуектілігі – шектен тыс іріленіп, қалыңдап, дәмі шектен тыс тұзды болып шығады.

Қамырды жеткілікті дәрежеде илемесе, қамырдың жұмсақ бөлігінде ұнның түйіршіктері араласпай қалып қояды.

Қамырды шектен тыс көп уақыт илеп жіберсе де, оның құрылымдық-механикалық құрамы нашарлап, әсіресе, әлсіз ұннан жасалған қамырдың ұлпалығы нашарлап, қолға жабысқақ болады. Қамыр әлсіреп, қамыр дайындамалары мен дайын нан өнімдерінің пішіні жайылып, көлемі нормадан тыс азайып шығады.

Қамырдың иіні жеткілікті деңгейде қандырылмаса, нанның жұмсақ бөлігінің күй нашарлап, қалыңдап, кедір-бұдырлы пішінді болып шығады.

Қамырдың иіні шектен тыс қандырылса, оның құрылымдық-механикалық қасиеті нашарлап, көлемі аз және жайылып кеткен жалпақ қалың нан пісіп шығады.

Ұйытқының сапасы төмен болса немесе жеткілікті болмаса, нан шикі, үстіңгі бетінде күйіп кеткен көпіршіктер көбейіп, қыртысы жұмсақ бөлігінен бөлініп, пісіп шығады. Нанның жұмсақ бөлігінің икемділігі төмендеп, кеуектілігі жеткілікті деңгейде дамымайды. Жеткілікті деңгейде жетілмеген, әрі ашымаған «жас» қамыр су температурасы төмен, ашыту ұзақтығы қысқа, ашытқы не қамыр ашытқы, ұйытқы мөлшері аз, қопсытушылардың

көпсіту күші нашар болған жағдайда пайда болады. Жеткілікті деңгейде ашымаған қамырдың дайындамалары пешке салынғанда, жоғары температураға байланысты жылдам ашып кетеді. Ал дайны нан өнімдерінің түсі қоңырланып, жанжақтары тесіктеліп, жұмсақ бөлігі шикі пісіп, кеуектілігі кедір-бұдырлы болып, ауызға шикі піскен дәм келеді.

Шектен тыс ашып кеткен қамырдың құрамында қант мөлшері жеткілікті болмайды, ал ұлпалығы нашарлайды, қышқылдығы жоғарылайды. Ашып кеткен қамырдан піскен нан өнімдерінің қыртысы – тесікті әрі ақшыл түсті, көлемі – төмен, кеуектілігі тығыз, ал дәмі ащы болады. Қамырдың қасиеті қанағаттанарлық сыз болса, оны реттеуге әбден болады. Тұзы ащы қамырды екіге бөліп, ұн, су, ашытқы қосып, араластырып, жылы орынға қойып, тағы да ашытады. Қамырға тіпті жақсартушы заттарды қосуға болады. Ашып кеткен қамырға ашытқылар, аз ғана қант пен ұн, жылы су зқосып, тағы да ашытады. Егер қамырдың сапасын реттеу мүмкін болмаса не қиын болса, оны бөліктерге бөліп, жаңа қамырды илеу кезінде бөлік-бөлік етіп қосады.

Қамырды бөліктерге дұрыс бөлмегендіктен, туындайтын нан құрамындағы ауытқулар. Қамырды бөліктерге бөлу барысында қамыр дайындамаларының массасы біркелкі болмауы мүмкін. Массасы жеткілікті болмаған нан өнімдері жарамсыз деп танылады.

Нан өнімдерінің массасындағы ауытқулар нан өнімінің жұмсақ бөлігінің біркелкі шықпауына сеп болады. Дөңгелектейтін қондырғының кесесі мен бұрандалары арасындағы тетік үлкен болса, қамырды бөліктерге бөлгенде, нан өнімдерінің массасының төмендеуіне әкеп соқтырады.

Қамыр жаятын машиналардың араластырғыш құралы арасындағы тесік үлкен болса, қамыр дайындамалары нашар өңделіп, нан өнімдері кеуектілігі әртүрлі болып, жұмсақ бөлігінде бос орындар көбейеді.

Қамыр жаятын машиналардың пішінге келтіретін плиталарында ауытқу болса, қамыр дайындамалары деформацияланады.

Қамыр дайындамалары жеткілікті деңгейде дөңгеленбесе, нанның көлемі мен жұмсақ бөлігінің кеуектілігі төмендеп, бос орындар мен қуыстар көбейеді.

Табақшалар мен қалыптар ластанған немесе жақсы майланбаған болса, нан өнімдерінің үстіңгі беті ластанып, нан өнімдері табақшалар немесе қалыптарға жабысып, деформацияланады. Қамыр дайындамаларын ыстық нан қалыптарына орналастыру нанның шикі және жан-жақтарының қыртысының қарайып пісуіне сеп болады. Егер қалыптың пішіні нан пішінінен кішірек болса, нан өнімі саңырауқұлақ пішінді болып піседі. Пішінді нанның биіктігі қамыр дайындамаларын қалыпқа қалай болса, солай, яғни салғырт орналастырса, әртүрлі болып шығады.

Ірі бөлшектері бар кепкен нан үгінділерін пайдаланса, сондай-ақ қамыр дайындамаларын толықсытуға арналған тақтайлардың үсті ластанған болса, нан өнімінің төменгі қыртысының күйі нашарлап піседі. Толықсыту дәрежесі толыққанда немесе шектен тыс болса, нан өнімінің сапасына әсер етеді.

Жеткілікті дәрежеде толықсытылмаса, жалпақ қалың нан өнімдерінің пішіні шар тәрізденіп, қыртыстарында тесіктер мен қуыстар көбейіп піссе; пішінді нанның қыртысы томпайып, жан-жақтағы қыртыстары – кесіліп піседі.

Шетен тыс толықсытылса, жалпақ қалың нан өнімдері тым жалпайып, тіпті жайылып піседі. Ал пішінді нан өнімдерінің үстіңгі қыртысы ойысталып, астау тәрізденіп піседі, ал жұмсақ бөлігі тегіс болмауы мүмкін.

Майқоспалы нан өнімдерінің ақаулары қолмен пішінге қалай болса, солай келтіргенде, сондай-ақ қамырды бөліктерге бөлу мен үстіңгі бетін әрлеуге жұмсалған шикізат пен жартылай фабрикаттың мөлшерлемесі бұзылғанда, туындайды. Қамыр дайындамаларын ерітілген маймен жеткілікті деңгейде майламаса, жұмсақ бөлігінің қатпарлану дәрежесі бұзылып, қатпарлары жабысып қалады. Қамыр дайындамаларын қалай болса, солай бөлінсе және тереңірек тіліп жіберсе, нан өнімінің төменгі қыртысының жайылып пісіп, тіпті ластанып пісуіне сеп болады. Қамыр бөліктерін дұрыс емес жайса

немесе симметриялы емес тілсе нан өнімінің сыртқы күйі нашарлайды. Ширамалар дұрыс біріктірілмесе немесе қамыр дайындамаларына жеткілікті деңгейде ұн себілмесе, өрмелі нан өнімдерінде ауытқулар пайда болады. Алдын ала толықсытылмаса, нанның жұмсақ бөлігінің кеуектілігі нашарлайды. Пішінге келтірілген қамыр дайындамалары қалыптарға, табақшалар мен тақтайшаларға, кассеталарға қалай болса, солай, яғни салғырт орналастырылса, нан өнімдері деформацияланады. Соңғы рет толықсытуға арналған шкаф ішіндегі ылғал жеткілікті деңгейде болмаса, қамыр дайындамалары желденіп, үстіңгі бетінде ірі тесіктері бар қатты қыртыс пайда болып, қамыр қаязып қалады. Мұндай ауытқуларды қамыр дайындамаларының пісудің алғашқы екі минутында іштей ашып кетуімен түсіндіруге болады. Мұндай жағдайда қамырдың құрамында газ көп түзіліп, жан-жағындағы жұқа қыртыстары үзіліп кететін болады.

Тарақты нан өнімдері шектен тыс толықсыған кезде, тарақтары жойылып кетеді немесе өте төменгі дәрежеде бейнеленеді. Майқоспалы және фигуралық нан өнімдерінің суреттерінің бедерлері жойылады. Шектен тыс толықсыған нан өнімдеріндегі мұндай ауытқулар ұлпалықтың әлсіреуі мен газ түзішу қасиеттерінің төмендеуіне негізделеді.

Пісіруге дайындау, пісіру және үстін әрлеуге дұрыс дайын- дамагандықтан туындаған нан құрамындағы ауытқулар. Қамыр дайындамаларын пештің оттық астына дайындау және пісіру тәртібін бұзан жағдайда, нанның әртүрлі ауытқулары пайда болады. Пештің оттық астына қамыр дайындамаларын орналастыру тәртібі бұзылса, нан өнімдерінде ауытқулар байқалады.

Қамыр дайындамаларын пештің оттық астына орналастыру кезінде қатты соққы алып немесе шайқалса, піскен нанның қыртыстары бөлініп, жұмсақ бөлігінде қуыстар мен бостықтар түзілуге әкеп соқтырады. Қамыр дайындамаларын пештің оттық астына тым тығыз орналастырса, нанның жан-жақтарындағы қыртыстары қысылып, түсі ақшылданып, тіпті жұмсақ бөлігі қыртысынан жайылып шығып, піседі. Қамыр дайындамаларын пештің суып қалған оттық астына орналастыру жайылып кеткен пішінді нан өнімдерін алуға және төменгі қыртысында тесіктердің көптеп пайда болуына әкеп соқтырады. Қамыр дайындамаларының үстіне ұнды әртүрлі етіп сепкенде, қыртысының үстіңгі қабатында әртүрлі түстер пайда болып, тіпті дақтардың түзілуіне әкеп соғады. Ал үстіне ұнды көп себелеп жіберсе, нан өнімдері пештің оттық астына жабысып пісуі мүмкін. Қамыр дайындамаларын жүзі өткір емес немесе суланбаған пешпен тілгілесе, тіліктері бірдей емес әрі жұлма-жұлма болып шығады.

Ластанған оттық асты, табақшалар немесе лас қалыптарға қамыр дайындамаларын орналастырғанда, қамыр жабысып қалуы мүмкін. Пеш камерасының бірінші аймағында будың болмауы немесе жеткілікті деңгейде болмауы нанның үстіңгі бетінің күйін нашарлатады (қыртысы кедір-бұдырлы, жылтыр емес әрі бурыл түсті болып шығады), көлемі азайып піседі.

Шектен тыс бумен ылғалдау нан өнімдерінің желім тәріздес қыртыстың пайда болып, бүрісіп пісуіне сеп болады. Пеш камерасындағы төменгі температура немесе уақыт ұзақтығы жеткіліксіз дәрежеде болмаса, нанның қыртысы ағарып пісіп, жұмсақ бөлігі қолға жабысқақ болады. Жалпақ қалың нан өнімдері болса, тіптен жайылып пісуі мүмкін.

Шектен тыс жоғары температурада піскен нан өнімдерінің қыртысы қалың әрі күйіп піседі, немесе шикі піскен, жұмсақ бөлігі қолға жабысып піседі. Нанды пеште тіпті қалыпты температурада да ұзағырақ ұстаған жағдайда, түбі күйіп, қыртысы жұқарып, жұмсақ бөлігі тым құрғап, тесіктері мен қуыстары қарайып пісіп кетеді. Қамыр дайындамаларының үстіңгі бетін жұмыртқа қоспасымен әрлегенде қалам не майлағыш құралды тым батырыңқырап жіберсе, дайындамалар басылып, срытқы күйі мен кеуектілігі нашарлап кетеді.

Дұрыс сақтамау және транспорттау салдарынан туындаған нан құрамындағы ауытқулар. Нан зауыттарында піскен нан пештен айналмалы үстел үстіне таспалық транспортерлер пен еңістер арқылы жеткізіледі. Бір транспортерден екіншісіне өткенде немесе еңістен түсірілгенде, нан өнімдері деформацияланып немесе механикалық тұрғыдан

бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда қыртыстары бөлініп, қарабидай ұнынан пішінді нан шикі піседі. Осы ауытқудың пайда болуының тағы бір себебі – нанның жұмсақ бөлігінің тығыздалып, қатпарларының нығыздалуы. Бұған себеп – транспортерлер не еңістермен жөнелтілген нан бесікшелерге орналастырылғанда бір-біріне тығыз немесе бірнеше қат етіп орналастырылуы.

Бақылау сұрақтар

1. Нан құрамындағы ең басты ауытқуларды атаңыз?
2. Шикізаттың мөлшерін өлшеу бұзылғанда, нан құрамында қандай ауытқулар орын алады?
3. Қамырдың жоғары немесе төмен ылғалдылығы нанның құрамында қандай ауытқулар тудырады?
4. Қамырды бөліктерге дұрыс бөлмесе, нан құрамында қандай ауытқулар орын алады?
5. Қамыр дайындамалары жеткілікті деңгейде толықсытылмаса, нан құрамында қандай ауытқулар орын алады?
6. Нан өнімдерін пісіру тәртібі бұзылғанда, нан құрамында қандай ауытқулар орын алады?

Нан өнімдерінің аурулары. Алдын алу бойынша шаралар.

Нанның картоп ауруы. Нанның созылғыштық немесе картоп ауруы споратүзішу микробтар салдарынан туындайды. Мұндай микробтар шөп таяқшасының бактерияларына жатады. Дән жинау барысында осы бактериялармен зақымданады. Себебі картоп таяқшалары топырақта, ауада және өсімдіктерде таралады. Сондықтан ұн осы микроағзалардың спораларының әртүрлі дәрежесіне байланысты тұқымданған. Картоп таяқшаларының споралары 120°C температураға дейінгі ыстыққа да шыдамды болып келеді. Сондықтан нанды пісіру кезінде де жойылып, өліп кете қоймайды. Картоп таяқшалары қоректік ортаның (ылғалдың болуы, қышқылдың төмендеуі т.б.) шамамен 40°C температурасында жақсырақ дамиды. Қышқылды орта картоп таяқшаларының дамуын тежейді. Картоп таяқшаларының көбеюіне және нанның картоптық ауруының пайда болуына дәнді, ұнды сақтау мен қайта өңдеуден өткізудің, нанды дайындау мен сақтаудың санитарлы және технологиялық тәртібінің бұзылуы әсер етеді. Нан өнімдерінің иісі шіріген алманың иісіндей болып, жұмсақ бөлігі қолға жабысқақ және созылғыш болып шығады. Нанның ауруларын алдын алу үшін 1 мамыр мен 1 қазан аралығында диірмендерде ұнды картоп таяқшаларының зақымдану дәрежесі мен нанды не үшін пісіріп жатқанын тексеріп көріп, нәтижелерін белгілі бір ұннан дайындалған қамырдан 24 сағат піскеннен кейінгі нанның аурулары туралы мәліметтері келтіре отырып, сертификат толтырады. Сертификатты бидай ұнынан сапалы нан-тоқаш өнімдерін пісіруге қажетті шараларды қолдану үшін нан пісіру өндірістері үшін сигнал ретінде пайдаланады. Егер осы уақыт ішінде нан ауруға ұшырамаса, ол 3 тәулік ішінде 25°C температурада бұзыла қоймайды. Нанның ауруларын алдын алу үшін санитарлы ережелерді қатаң сақтау керек: қойма және өндіріс орындарын, қондырғыларды мұқият тазалау және жуу; ұн тозаңдарынан, нан мен қамыр қалдықтарынан міндетті тазалау жүргізу.

Егер ұн картоп таяқшаларынан зақымданған болса, нанның картоптық ауруының алдын алу үшін мынадай шараларды қолдану керек: зақымданған ұнды баранка және басқа да кепкен нан өнімдерін, піспенан, пірәндік және басқа да массасы 0,2 кг данасы аз нан өнімдерін дайындауға, ал екінші сұрыпты бидай ұнын – қарабидай-бидай ұнынан нан дайындау үшін қолдану; нанның қышқылдығын стандартты нормадан 1 градқа жоғарылату керек. Бұл үшін қышқылдандырушы компоненттерді қолдану керек: қышқылдығы 4...6 град массасы ұнның массасынан 5...10%-ға жоғары, ашыған жартылай фабрикаттар (қамыр ашытқы, қамыр); мөлшері 0,1...0,2% сірке қышқылы немесе ұнның массасына шаққанда 0,2...0,5% сіркеқышқылды кальций; антибактериалды «Селектин» тағамдық қоспасы; нанды бөліп өлшеуді азайтып, оны жылдам суытып, нан өнімдерін астауларға, сөрелерге,

